АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№ 3 (540)
18 қаңтар, 2024 жыл

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

ЕРКІНДІК – АДАМНЫҢ ІШКІ ТӘУЕЛСІЗДІГІ

Қазір шарт пен шамаға шектелген жас жоқ. Ынта мен ырқыңа сай ірі іс, жетістік жолында төбе көрсетіп жүр. Бойдағы еркіндік те кеңістікте құлаш сермеуге негіз. Жастарға қатысты жайттың бәрі қоғам назарында һәм талқысында. Осы орайда журналист, медиалектор Абай Тағыберген өзіндік ой-пікірімен бөліскен еді.

– «Жастар – жалқау» деген ой көп айтылатын. Ал қазіргі қарқын-қозғалысқа қарап, бұлай деу қате секілді. Қалай ойлайсыз, қасаң қағидадан қаншалықты арылдық?

– Жастар жалқау деген пікір ғана. Қазіргі буын барынша тиктоникалық өзгерістерге дайын, соған сай қарым-қабілетке ие болуы керек. Екпіні ерек, қарқыны қатты, өзгермелі трансформация кезеңі қай салада болсын бәсекені күшейтті. Айналаға қарасаң жер шұқып, бос қарап жүрген жас жоқ. Әрине, енжарлық танытып, сүлесоқ болып, өз бағытын таппай, адасып жүрген жастар да бар шығар. Бірақ өз күшімен, ерік-жігерімен әлемдік компанияларға жұмыс істеуге шақырту алып, мемлекеттік қызметтің жоғары сатысынан көрініп, бизнес жүргізуде көшбасшы болып, ауылдың тамырына қан жүгіртіп, ата кәсіпті лайықты жалғастырып отырған, өнер мен спортта қолтаңба қалдырып, IT салада жаңалық ашып жүрген жастар жетерлік. Ең бастысы, өзін жалқаулықтан жеңе білген әрбір азамат табысқа жете алады. Сондықтан «жастар – жалқау» деген көзқарастан арылатын уақыт келді.

Жалғасы 4-бетте

ЖҰМЫССЫЗ ЖАСТАР:

ДАМУДЫ ТЕЖЕЙТІН ТҮЙТКІЛ

Қызылорда облысында 2023 жылы жастар арасында 616 қылмыс тіркелген. Оған 699 жас пен жасөспірім қатысқан екен. Олардың ішінде 23 мектеп оқушысы, 47 студент, 68 әртүрлі мекемеде жұмыс істейтін жастар бар. Қалған 561-і немесе 80,2 пайызы – жұмыссыз, еш жерде оқымайтындар. Сандар осылай сайрап тұр. Байқасаңыз, жұмыссыздар қылмыс пен бұзақылыққа бейім келеді. Ел дамуын тежейтін түйткілдің бірі осы – жастардың жұмыссыздығы.

Мемлекет тарапынан жастарды жұмыспен қамтуға арналған бірнеше бағдарлама бар. Алайда жыл өткен сайын NEET жастар саны көбеймесе, азаяр емес. Себебі неде? Жастар құлықсыз ба, әлде мемлекеттік бағдарламалар қауқарсыз ба? Күрмеуі күрделі көп сұраққа жауап іздеп көрдік...

Өткен жылы Қазақстанда Халықаралық еңбек ұйымының әдістемесі бойынша есептелген жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайызға жеткен. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, республика экономикасының әртүрлі салаларында 9 млн адам жұмыспен қамтылған. Олардың 6,9 миллионы жалдамалы қызметкер болса, 2,1 млн адам өзін-өзі жұмыспен қамтығандар. Ал жұмыссыз адамдардың саны – 453,5 мың. 15 пен 34 жастағылар арасындағы жұмыссыздық деңгейі – 4,1 пайыз.

Жұмыс істемейтін және біліммен немесе кәсіптік оқумен айналыспайтын NEET жастарының үлесі – 7,9 пайыз (422 мың адам). Бұл сандар елімізде жұмыссыз жастардың саны өскенін тағы да бір дәлелдеп отыр. Бұған Мәжіліс депутаттарының ұсынысымен жастар санатының 35 жасқа дейін ұзаруы да әсер етеді. Норма бекітілгеннен кейін еліміздегі жастар саны 6,2 миллионға жетті. Демек NEET санатындағы жастар саны азаймай, керісінше көбейіп келеді.

3 бетте

ОСМИЙ ТУРАЛЫ ОЙ

ЕҢ ҚЫМБАТ ӘРІ ҚАЗАҚСТАНДА ҒАНА ӨНДІРІЛЕТІН МЕТАЛЛ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?



Қазақстандағы түсті металлургия өндірісі мен экспорты туралы дау көп, тұжырым алуан. Алайда бүгінгі тақырып сирек кездесетін құнды металл – осмий туралы болмақ. Себебі аталған металлдың нарықтағы құны алтыннан 300 есе, күмістен 10 мың есе қымбат. Бастысы, Қазақстан бұл металлды өндіретін және сататын жалғыз мемлекет. Осы орайда «бұл бағыттағы өндіріс көлемі қанша?», «Құнды өнімнен түсетін қыруар қаржы қайда кетеді?» деген сауалға жауап іздеп көрелік.

Осмий ақ түсті, көгілдір реңкке ие. Алтыннан 300 есе қымбат фантастикалық әдемі металл осылай көрінуі керек шығар. Осмийі бар сіріңке қорабының салмағы килограммнан асады. Алайда ол радиоактивті емес. Сондықтан аэроғарыш саласында, ракета жасауда, қазіргі заманғы технологиялар мен көптеген дәрілік препаратты синтездеу кезінде пайдаланылады. Таңқаларлығы, табиғатта Осмий-187-ден тығыз зат жоқ. Сондықтан бұл элементті 9 ай бойы өндіреді.

Иә, осмий – еліміз сыртқа шығаратын қымбат металдың қатарында. Табиғатта аталған элемент 7 изотоп түрінде кездескенімен, ішіндегі дәл осмий-187 тек елімізде өндіріледі. Қымбаты да сол. Оған мысал, Қазақстан 2004 жылдан бастап ғана осмий экспорттайды. Оған дейін металлдың нарықтағы бағасы грамына 100-200 мың долларды құраған. Ал біздегі экспорт есігі ашылып, өнім әлемге тараған соң баланс теңескен. Қазір осмий-187 изотопының құны грамына 10 мың доллар шамасында.

2 бетте

ШЕКТЕУ
ШЕКТЕН ШЫҚҚАН ЖОҚ ПА?
2

«АЛАТАУ СЕРІЛЕРІ»
ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАДАҒЫ ЖАҢА СЕРПІН
8

ҚОҚЫС САЯСАТЫ:

ПОЛИГОННЫҢ ПАЙДАСЫ ҚАНДАЙ?

Қоқыс – құнды шикізат. Жаһанның жасыл экономиканы жүзеге асыруы содан. Қайта өңдеп, қолданыстағы тауарға айналдырып отыр. Тиісінше, бұл – биосфераның былғанбауына сеп. Ал, бізде тәртіп пен тазалық толық сақталмайды. Қоғамның қоқыстан көз ашпауы экологиялық проблеманы туындатады. Ал тығырықтан шығатын амал қайсы? Қоқысты қаншалықты кәдеге жаратып жүрміз? Осы тақырып төңірегінде сөз қозғалық.

5 бетте

ШЕКТЕУ ШЕКТЕН ШЫҚҚАН ЖОҚ ПА?

Рулі оң жақтағы автокөліктердің болашағы қалай болмақ?

Елімізде 5 миллионға жақын автокөлік тіркелген. Олардың 87,7 проценті жеңіл автокөліктердің еншісінде. Ал 10,4 процентін ауыр жүк көліктері құраса, 1,9 проценті – жолаушылар тасымалындағы автобустар. Қазақстан бойынша көлік саны жағынан Алматы және Шығыс Қазақстан облысы алда тұр. Тәуелсіздік алған жылдары бір ғана Германияның өзінен елімізге 1 миллионға жуық автокөлік келген. Кейінгі жылдары сырт елден көлік әкелу жыр болды. Жыры бітпеген жауыр мәселенің тағы бірі қылаң берді. Ол – рулі оң жақтағы автокөліктердің елге кіргізілуін шектеу.

ЖОЛ АПАТЫН АЗАЙТУ ЖОЛЫ

Бұл кеше, бүгін болған жағдай емес. Негізінде мұндай шектеу 2018 жылдан бастап қолға алынған. Айталық, 2021 жылы да осындай түйткілдің тарқауын табу керегі жоғары мінберде көп айтылды. Мәселен, ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары Серік Түсіпов бұрнағы жылы «Қазақстан аумағында оң жақта орналасқан рульмен басқарылатын көліктерді тіркеуге 2018 жылдан бастап тыйым салынды. Сондықтан да рулі оң жақтағы көліктер елімізде тіркеуге жатпайды. Әрине, азаматтарға жеке мүлік, оның ішінде автокөлік алуына да тыйым сала алмаймыз. Әр адамның жеке құқығы бар және ол заңмен бекітілген. Дегенмен заңның басқа тұсы да бар. Осы орайда көлік сатып алушы, әсіресе шетелдік көлікті иеленушінің елге әкелместен бұрын заңға бір үңілгені абзал. Көрші Ресейден көлік әкелсе де оның өзіндік талаптары бар. Яғни көлікті сатып алу бір бөлек, ал оны заңды жолмен иелену – екінші мәселе», – деп мәлімдеген болатын.

Айтатындайы бар. Көлікті сатып алу басқа да, заңды жолмен иелену өз алдына бір бөлек әңгіме. Көршілес елдерден заңсыз әкелінген талай тұлпар тіркелуге жатпай, әркімнің ауласында қаңтарылған күйі қалды. Одан бөлек, шетелдік тіркеудегі көліктерді Қазақстанға уақытша тіркеу жүзеге асамын дегенше, еліміздегі жол-көлік ережелерін бұзатындардың 20 проценті солар екені белгілі болды.

Бұл шектеу ҚР Индустрия және құрылыс министрінің өткен жылдың 29 желтоқсанындағы бұйрығымен 6 ай уақытқа енгізіліп отыр. Ал бұйрық «Сауда қызметін реттеу туралы» заңның 17 және 18-баптарына, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 29 және 47-баптарына сәйкес қабылданған.

КӨП АПАТҚА «АЛФАРД» СЕБЕП

Оң жақта рулі бар көліктердің көшін бастап келе жатқан автокөлік – «Toyota Alphard». Өйткені шетелден келген осы көлікпен қалааралық жолаушылар тасымалында нәпақасын тауып жүргендер көп. Қалараалық болған соң түрлі жағдайлар болады. Әсіресе, Қызылорда өңірінен өтетін Батыс Еуропа-Батыс Қытай халықаралық автожолының Қызылорда-Ақтөбе бағыты екі жолақтылығынан тарлық етіп тұр. Ал әлгі оң жақ рульді автокөліктердің алдындағы көліктен озуында болуы мүмкін бар гәп.

– Қызылорда мен Астананың арасында әрлі-берлі жолаушы тасып, пайда тауып келемін. Алғашында альфардқа құмартып, кескін-келбеті мен формасы келіскен соң алдым. Бірақ екі айдан кейін сатып жібердім. Өйткені тұнған бойы – қауіп. Қарсы бағыттағы көлік қай тұста, қандай жылдамдықпен келе жатқанын біліп болмайсың. Алдыңғы орындыққа жөн білетін ер азамат мінсе, сәл көмек болады. Ал үлкен апаны отырғызып алған соң одан не сұрайсыз?! Қазір сол жақта рулі бар көлік алдым. Еш қиындығы жоқ. Негізі шектеу қойған дұрыс. Табыс табамын деп жан қиюға болмайды. Жолда небір көліктерді көріп жүрміз, жаның ашиды, кейде қарай алмайсың. Мұның бәріне бір тоқтам болса екен, – дейді такси жүргізушісі Нұржан Ыдырысов.

КҮДІК ПЕН ҮМІТ

Әйтсе де, оң жақтағы автокөліктердің тиімді тұсы көп дейді тағы бір топ. Заңға сәйкес келмесе де, рулі оң жақтағы көлік кейбірінің көңілінен шыққан.

– Жол-көлік оқиғасын рулдің оң жақта болуынан деп кесіп айтатындарға таң қаламын. Қанша уақыт Алматы мен Қызылорданың арасында көлік жүргіздім. Сол жақтағыны да, оң жақтағыны да игеріп кете беремін. Бір ғана қиындық бар. Қызылордадан Ақтөбеге қарай шыққанда жолдың тарлығынан алдыңдағы көліктен озу қиын. Өйткені, қарсы бетті көрмейсің. Ал енді оның пайдалы тұсын айтайын, біріншіден, бағасы арзанырақ. Нарық қос бүйірден қысқан заманда көліктің сәл де болса арзандау түскені бәріне де жақсы. Екіншіден, арзан келсін, қымбат келсін, көліктің төзімділігі жақсы әсер қалдырады. Қосалқы бөлшегі айдан-айға жетпей, қирап жатса, ол да кесір. Ал рулі оң жақтағы көліктердің қай-қайсысын да сапалы шығарған екен. Оған менің көзім жетті. Сондықтан бәрі жүргізушінің шеберлігіне байланысты – дейді көлік жүргізушісі Сырым Сыздықов.

Түйін. Жасы жетпіске таяған қайын атам таяуда рулі оң жақтағы минивэн автокөлігін тізгіндеді. Үлкендердің бірден үйренісіп кетуі қиын ғой, содан соң әкейден «Қиын емес пе?» деп сұрадым. Ал ол болса, «Мен касемсот айдаған адаммын ғой» дегені... Ауыл шаруашылық техникаларының ішінде де рулі оң жақ бетте орналасқандары бар. Бірақ оны да біздегі «заң зауыттар» ретін тауып, жылы жабары анық. Қайткен күнде де заң қолданысқа енгізілгенге дейінгі көліктер елде жүре беретіні даусыз. Бұл шектеу келесі жолы әкелуге қатысты болмақ. Сіз қалай ойлайсыз, қадірлі оқырман?! Шектеу шектен шыққан жоқ па?

Дәулет ҚЫРДАН

Басы 1-бетте

ОСМИЙ ТУРАЛЫ ОЙ

Ең қымбат әрі Қазақстанда ғана өндірілетін металл туралы не білеміз?



– Осмий нарығын қалыптастырған және осы металды экспорттаушы технологиялық өркениеттің дамуына ықпал еткен Қазақстан болды. Бұрын осмий қорытпасынан эксклюзивті сағаттар мен қаламдар ғана жасалып, ал оны тұтыну шамалы болатын. Қазір бұл салада сұраныс артты. Болашақта осмий, литий және оттегіден ультра қуатты кванттық компьютерлер шығару жоспарланып жатыр, – дейді жас химик Жоламан Ақбасов.

Айтып өткеніміздей, осмий қолданылатын сала стратегиялық маңызы бар бағыттар қатарында. Оған қоса металлдан түсетін табыс аз емес. Содан болар, осмий өндірісіне қатысты мәліметтер мемлекеттік құпияға жатқызылған. Мәселен, жыл басында БАҚ өкілдері бірнеше рет маталл экспортына қатысты мәлімет алу мақсатында Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне сауал жолдаған. Алайда тәуелсіздік жылдары ішінде осмийдің қанша көлемі өндірілгені, экспортқа қандай бағамен және қай елдерге шығарылатыны туралы ақпарат алу мүмкін болмаған.

– Қазақстанның 1999 жылғы 15 наурыздағы № 349-I Мемлекеттік құпиялар туралы заңының 12-бабы 10 тармағына сәйкес металлургия өнеркәсібінің сирек кездесетін металдарды немесе стратегиялық маңызы бар басқа да материалдарды, оның ішінде осмий өндіру туралы мәліметтер мемлекеттік құпияға жатқызылады, – делінген министрлік мәлімдемесінде.

Алайда әр жылдары ашық дереккөздерде жарияланған мәліметтен тақырыптың жалпылама бейнесін құрау қисынға келеді. Мысалы, елдегі осмий тек Жезқазған кен орындарында өндіріледі.

Алдымен осмийді қайдан алатынын анықтайық. Мамандар пікірінше, құрамында платина мен палладийі бар полиметалл және алтын кен орындарында аталған элемент көп кездеседі. Қазіргі таңда құрамында осмийі бар иридий кен орындары Ресейдің Сібір мен Орал аймағында, АҚШ-тың Аляска, Калифорния өңірінде және Колумбия, Канада, Оңтүстік Африка мен Тасмания, Австралия елдерінде орналасқан. Ең ірі қордың қатарында Оңтүстік Африкадағы Бушвельд кен орны бар. Қызығы, әлемнің әр қиырында болғанымен, осмийді экспорттайтын жалғыз ел Қазақстан..

БАҒА БАСТЫ ӨЛШЕМ ЕМЕС

Көбі осмийдің құны неліктен қымбат екенін болжауға құмар. Алғашқы себеп аталған металлдың тығыздығы болса, кейінгісі сирек кездесетін қасиетінде жатыр. Әрине, осмийден де қымбат химиялық элемент бар, оның атауы – калифорний. Дегенмен неліктен осмийдың бәсі биік екенін былайша түсіндірейік.

1998 жылы Ок-Риджск ұлттық зертханасында калифорний-249 изотопының 1 микрограмы (граммның миллионнан бір бөлігі) 180,25 долларға, ал калифорний-252 изотопының 1 микрограмы 56 долларға бағаланған. Металдың көзге көрінбейтін бөлігінің өзі осынша құнды болды. Алайда Калифорний табиғатта таза күйінде кездеспейді. Арнайы зертханада күрделі реакциялар жолымен плутонийді жаңа затқа айналдыру арқылы алынады. Мамандар калифорнийдің әлемдік қоры ең әрі кеткенде 5 грамнан аспайды деп болжам жасап отыр. Оның бағасының аса қымбат болуы да өте сирек кездесетіндігінен. Оның үстіне, 1950 жылы алғаш рет ядролық реакциялау жолымен алған бұл радиоактивті металлды өмірде жоқ зат ретінде бағалауға да болады. Осы деректерді ескерсек, көзге көрінетін әрі табиғатта кездесетін ең қымбат металдар тобын осмий бастайтыны сөзсіз.

– Осмий – калифорнийға қарағанда әлдеқайда кең таралған металл. Қаттылығы, бу қысымына беріктігі және өте жоғары температурада ғана балқитынына байланысты осмийді механикалық өңдеу қиын. Ол табиғатта кездесетін барлық заттардың ішіндегі ең тығызы. Осы қасиетіне байланысты өзі қосылған затқа ғажайып беріктік береді.

Мысалы, кейде тозбау үшін бағалы бұйымдарды алтынмен булайтыны белгілі, Ал егер оған осмийді қосатын болса, ол мүлдем тозбайтын болады. Техникалық, медициналық, өнеркәсіптік пышақтарға осмий қосылса, барынша өткірлене түседі және жүзі қайтпайды. Осы қасиетіне байланысты осмий аэроғарыш құралдарын жасаған кезде қолданылады, – дейді Ж.Ақбасов.

ТАБЫС ТАЛАН-ТАРАЖҒА ТҮСПЕЙ МЕ?

Қарағандыдағы қайғылы оқиғадан соң кен орындарын бақылау, мемлекет меншігіне қайтару, шетелдік компаниялармен келісімшартты қайта қарау күн тәртібіндегі мәселеге айналды. Осы орайда түсті металлдағы табыстың да жайы ел-жұртты алаңдатып келеді. Көбі өзге кеннің меншік құқығы мен өндіріс бөлінісі әрқилы болғанымен, құнды металлдан түскен табыс қазынада қалса деген тілек айтады. Осы орайда Минералды шикізаттарды кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталықтың бас директоры Әбдірәсіл Жәрменовтың БАҚ өкілдеріне берген пікірі көп жайттың бетін ашатындай.

«Әлемде сирек металдардың 14 түрі болса, соның барлығы біздің жерімізден табылып отыр. Бірақ оларды негізінен алғанда жеке компаниялар өндіріп жатқандықтан, сирек металдар өндірісі мемлекеттік бақылаудан тысқары қалып отыр деп айтуға болады», – деген ол.

Қазақстан сирек кездесетін металл өндірісін қол астына алуда алуан ұстаным көрсетіп келеді. Мысалы, тақырыпқа арқау болған осмийді өндіру мемлекеттік монополия. Сондықтан әлемдегі ең қымбат металды сатудан түскен барлық кірістер ел қазынасына аударылады. Ал басқа металлдар өндірісі әлі де бақылауды талап етеді.

Қазақстан осмийдан пайда алып отырғаны анық. Алайда соңғы уақыттағы өндіріс үрдісіндегі ахуал мәселеге өзге қырынан қарауға жетелейтіндей. Олай дейтініміз, жоғары технологиялардың дамуына байланысты сирек металдардың қолданыс аясы кеңейіп, маңызы арта түскен. Соған байланысты әлем елдері сирек металлды сыртқа саудалауға құмар емес. Яғни, оны өз елінде кәдеге асырып, дайын өнім жолына пайдалануға көшкен. Бұл – елдегі шикізат экспорты саясатын қайта қарауға бір себеп.

Р.МАҚСҰТ

Басы 1-бетте

ЖҰМЫССЫЗ ЖАСТАР: ДАМУДЫ ТЕЖЕЙТІН ТҮЙІТКІЛ

Инфантилизм иірімі

Токтар Болысов «Қазақстан жастар конгресі» заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры. Ол жұмыссыз жастарды еңбекпен қамтуда олардың қабілетіне ғана емес, сонымен қатар психологиялық жағдайына да назар аудару керек екенін жеткізді.

– NEET санатындағы жастар әлемнің өзге елдерінде де бар. Кейбір мемлекеттерде оның көрсеткіші 10-15 пайызға дейін жетеді. Үкімет бұл бағытта көптеген жұмыс атқарып жатыр. Жаңа жұмыс орындары ашылып, жастарға түрлі мүмкіндік ұсынылуда. Өкінішке қарай, NEET санатындағы кей жастардың жұмыс істеуге ынтасы жоқ. Бұған психологиялық тұрғыдан қарау керек. Неліктен олар ондай деңгейге жетті? Сол үшін біліктегілер жұмыс орындарын ашу сияқты бір бағытта ғана жұмыс атқармай, жастар үшін психологиялық тұрғыда да шаралар қабылдау керек деп ойлаймын, – дейді Т.Болысов.

Расымен, осы уақытқа дейін жұмыссыздық мәселесінің түбіне бойламай, тек әлеуметтік фактор ретінде қарастырып келдік. Салдарынан бюджеттен қыруар қаржы бөлінсе де, NEET санатындағы жастар саны азайған жоқ. Ендеше отызға келген жастың орда бұзбауының себебін психолог мамандар да жиі айтып жүр.

– Бүгінде жастар жұмыстың нәтижесін ұзақ уақыт күткісі келмейді. Тезірек байып кетуді, тезірек табысты болуды ойлайды. Сондықтан да бизнес ашады. Ал үлкендер коммунизмнің «болашақта бәрі керемет болады» деген идеясымен өскен. Бүгінгі жастардың ойлау жүйесі бөлек. Олар 90 мың тенге айлыққа қарап отырғысы келмейді. Мұндай проблеманың туындауына жастардың өзін-өзі таба алмауы себеп болып отыр. Олар өз әлеуетін ашып, қоғамнан орындарын таба алмай келеді. Қазір жасы 30-дан асса да өзін әлі ерке бала сезінетін, есеймейтін адамдар бар. Олар өмір бойы өздерін таппаса, осы позициядан шыға алмайды. Қыздарға шоколад пен тәтті сыйлайтыннан ары табысқа жетпейді. Алға максат пен жоспар коюды білмейді. Көпшілігі ата-анасының қолына қарап отыруды қалыпты жағдай санайды. Ал екінші топтағы жастар өз-өзіне жұмыс істегісі келеді, – дейді Л.Койшиева.

Ғылымда «Инфантилизм синдромы» деген ұғым бар. Яғни, жауапкершіліктен қашатын, импульсивті әрекет ететін, сәтсіздікке ұшыраған жағдайда басқаларды кінәлайтын адамдарға осы белгі тән. Бұл синдромға ұшыраған тұлғаның психикасы мен мінез-құлқында балалық шаққа тән қасиеттер сақталады. Мұндай жетілмеген мінез-құлық көбіне адамның қарым-қатынас орнатуына, қоғамда қалыптасуына және мансап сатысымен жоғары көтерілуіне кедергі келтіреді. Өкінішке қарай, қазіргі жаһандану заманында бұл синдром жастардың басым бөлігінде бар. Олар жұмыс істеуден, жауапкершілік арқалаудан қашады.

– Қазір мектепте оқушыларға қаржылық сауаттылық туралы оқытпайды. Осындай пән міндетті түрде керек. Себебі әр бала мектеп кезінен бастап тұлға ретінде қалыптасуы қажет. Үлкен өмірге дайын болуы керек, – дейді психолог.

Маманның айтуынша, «Жастар практикасының» мысалында бағдарлама әкімшісі тарапынан осы жобаға қатысып, кейін жұмыссыз қалған жастардың аудиториясына кешенді зерттеу жүргізілу қажет. Сол арқылы бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болады. Жыл сайын 27 мыңнан астам адам мемлекет жалақысын өтейтін жастар тәжірибесіне қатысады. Статистикаға сәйкес, осы мерзім ішінде жастардың 50 пайызы сол орынға тұрақты жұмысқа орналасса, қалған 50 пайызы жаңа жұмыс іздеуге мәжбүр болады. Себебі басшылық жастарды жұмысқа алмау үшін мекемеде бос жұмыс орнының жоғын сылтау етеді. Екіншіден, «Жастар тәжірибесімен» келген жастарға айлықты жұмыспен қамту орталықтары төлейді. Демек, айлық төлеп, шығын шығармай, жас маманды тәжірибеге баулитын мекеменің есебі түгел. Тіпті, оның кейбірі 12 айдан кейін қайтадан «Жастар тәжірибесі» бағдарламасымен кадр тартуға құштар.

Ал экономист Мақсат Халықтың айтуынша, 2000-жылдары туу көрсеткіші көбейді. Қазіргі жұмыссыз жастардың санының артуының негізгі факторы осында.

– Өткен жылдан бастап колледжге түскен талапкерлердің қолында жұмыс берушілерден жолдама болмаса, мемлекет тапсырыс бермейтін болды. Егер осындай механизмді жоғары білім саласында да қолдансақ, жұмыссыз жастар болмас еді. Біз жұмыссыздықтың санымен ғана күресеміз. Оның қайдан шыққанына назар аудармаймыз. Мысалы, «Жастар тәжірибесі» арқылы түлектерге уақытша жұмыс тауып береміз. Бірақ сол жас тауып берген мекемеде тұрақтап қалды ма? Ешкім зерттеп жатқан жоқ. Мемлекет студентті 4 жыл оқытады, сосын тағы жұмыс ісегені үшін ақша төлейді. Сондықтан бұл жоба тиімсіз, – дейді білім сарапшысы Қ.Қозыбайұлы.

– Сол уақыттарда шамамен жыл сайын 300-400 мың бала дүниеге келген. Қазір еңбек нарығына жыл сайын осыншама жас қосылып жатыр. Ал Үкіметтің бағдарламаларында бұл жағдай қарастырылмаған. Жол картасы, жұмыспен қамту бағдарламаларында осыншама жұмыс орнын ашатын мүмкіндік жоқ. Сондықтан жұмыссыз жастардың мәселесін шешу үшін үкімет факторларды ескеріп, бағдарламаларды қайта қарауы керек. Бұл мәселе шешімін таппаса, 2-3 жылда тағы миллион жас жұмыссыз жүреді. Бұл мәселеге мемлекет тарапынан жүйелі түрде көңіл бөлінуі керек, – дейді М.Халық.

Иә, таяқтың екі ұшы бар. Ендеше жұмыссыз жастардың санының артуына тек бір тарап кінәлі емес. Жұмыс істеуге құлықсыз жас та, жұмыспен қамтуға қауқарсыз бағдарламалар да мәселенің салдарына айналып отыр.

«Жастарға жұмыс» жобасы

«Жастар рухы» жастар қанатының кезектен тыс VI съезінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Білімге деген ұмтылыс, адал еңбек пен отансүйгіштік» деп жастар үшін маңызды үш басымдықты атап өткен болатын. Бұл осы мәселенің қараңғы түбіне жағылған шамшырақ болды.

Еңбекке деген басымдықты іске асыру мақсатында «AMANAT» партиясы 2023 жылдың қаңтар айынан бастап «Жастарға жұмыс» жобасын қолға алған еді. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп іске қосылған жоба жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған.

Жобаның басты мақсаты – жастар арасында жұмыссыздықты азайта отырып, олардың тұрақты жұмысқа тұруына мүмкіндік жасау. Соның арқасында жастар маман ретінде біліктілігін арттырып, кәсібилігін шыңдай түседі. Жоба аясында жақында «Жастар рухы» ЖҚ облыстық филиалы мен «Инвестмент-Н» және «Ордакент» ЖШС арасындағы өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумына қол қойылды.

«Ордакент» ЖШС директоры Нағима Бермаханова бухгалтерия саласында 13 жылдық өтілі бар үздік маман, Д.Казанцев серіктесі. Жас бухгалтерлер мен кәсіпкерлерге жалпыға бірдей декларация және салық тақырыбында консультативтік көмек көрсете алады. «Инвестмент-Н» ЖШС директоры Нұржан Оңалбаев әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы білімі мен тәжірибесін бөлісу мақсатында жас кәсіпкерлерге тәлімгерлік қызмет көрсетеді. Сонымен қатар алдағы уақытта мамандық бойынша студенттерді өндірістік практикадан өтуге және тұрақты жұмыспен қамту бойынша жоспарлы түрде жұмыс жасайды.

– Бұл қадам жастар арасында кәсіби маман ретінде өзін тауып қана қоймай, кәсібін ашып, табыс табуына мүмкіндік туғызады. Біз осымен тоқтап қалмаймыз. Жоспар бойынша бос жұмыс орындары жәрмеңкесін ұйымдастырып, облыстағы жұмыс беруші мекемелермен кәсіпорындарды тарту көзделген. Меморандум бойынша кәсіпорындар бос жұмыс орны болған уақытта хабар береді. Біз өз тарапымыздан жұмыс іздеген жастарға ақпарат таратып, жұмысқа тұруға ықпал жасаймыз, – деді «Жастар Рухы» ЖҚ облыстық филиал төрағасы Ә.Баймұрза.

Айта кетейік, үстіміздегі жылы «Жастар рухы» ЖҚ облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткен бос жұмыс орындары жәрмеңкесінде 16 жас «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы арқылы, 5 жас маусымдық негіздегі жұмыспен қамтылған болатын.

Иә, бұл теңізге түскен тамшыдай ғана үлес болғанымен қозғалыс бар. Ендігі кезекте бос уақытын қыруар қаржыға айналдырғысы келетіндер, екі қолға бір күрек тауып, ақшаны күреп табатын мезетке жетсе деп тілек білдіреміз.

Айдар САЙЛАУОВ





Бағыт пен бағдар: «Жастар тәжірибесі»

Еліміз жастарды жұмыспен қамтуда түрлі механизмді қолданып келеді. Бұл ретте Еңбек министрлігі мен жергілікті әкімдіктердің бірлесіп жүзеге асырып жатқан жобалары жетерлік. Десе де, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің көрсеткіші төмендеп жатқан жоқ. Себебі жастардың басым бөлігі ондағы жалақыны азсынады. Мысалы, қолына дипломын жаңадан алған жас маман жұмыссыз жүрсе, «Жастар тәжірибесі» бағдарламасының игілігін көре алады. Жоғары оқу орнын енді тәмамдаған жас үшін бұл – «қызмет өтілін» сұрайтын жұмыс берушілердің қыңырлығынан құтылудың бір жолы. Жас маман жергілікті жұмыспен қамту орталығынан жолдама алып, алғашқы жұмыс орнына аттанады. Осында бір жыл бойы мамандығының қыр-сырымен жақынырақ танысып, тәжірибе жинайды. Онысы еңбек кітапшасына жазылады. Жас маман басшылыққа бар қарымқабілетін көрсетуге тырысады. Алайда көп жағдайда сол басшылар жыл бойы тегін жұмыс күші ретінде пайдаланылған жастарды өз командасына алуға құлықсыз.

– Бірде осындай тәжірибеден өткен жастардың арасында сауалнама өткіздік. Оған қатысушылардың дені жұмыс процесіне араласпағанын, мекемелердегі «шауып кел, барып кел» жұмыстарды істегенін айтады. Тағы бір бөлігі мүлдем бейтаныс салаға түскендерін көрсетті. Мысалы, аспаздың оқуын бітірген түлекті архитектура бөліміне тәжірибеден өтуге жіберген. Демек, бұл бағдарламаның жүзеге асуына жауапты адамдар өз жұмысына салғырт қарап, жол картасы бойынша жастарды мамандыққа сай бөлу ісін құтылу үшін ғана жүргізген, – дейді «Адалдық алаңы» кеңсесінің жетекшісі А.Жазықбаев.

Өткен жылдан бастап «Жастар тәжірибесі» бағдарламасының мерзімі 6 айдан 12 айға дейін ұзарған. Соған сәйкес төленетін еңбекақы да 107 мың теңгеге өскен. Алайда қазіргідей қымбатшылықта бұл айлық жастардың жыртығын жамауға да жетпесі анық. Өйткені елімізде орташа жалақы 340 636 теңгені құрайды.

– Жастар қазір «Жастар практикасы» бағдарламасына барғысы келмейді. Өйткені мемлекет тарапынан аз орын берілген. Былтыр осы бағдарлама бойынша жастармен жұмыс істедік. Бірақ биыл қымбатшылыққа байланысты жастарға бағдарламаның төлейтін айлығы тиімсіз. Сондықтан «Жастар практикасына» студенттерді тарту керек. Себебі диплом алған жас маман өзіне нақты жұмыс іздейді. Мемлекет әлеуметтік институт ретінде халықтың, оның ішінде жастардың өзекті мәселелерін шешуге көңіл бөлгені жөн. Сондықтан мемлекеттік бағдарламалардың көп болғаны дұрыс деп білемін. Әйтсе де, қоғам бір орында тұрмайды. Ұдайы өзгеріске ұшырайды. Демек, қосымша зерттеу, мониторингтер арқылы әлгі бағдарламалардың да тиімділігін бағамдап отыру керек, – дейді әлеуметтанушы А.Хамит.

Басы 1-бетте

ЕРКІНДІК – *адамның* ішкі тәуелсіздігі

– Еркіндік – еркіннен тыс әрекет пен ессіздікке бару емес. Бұл термин жастар арасында танымал. Сіз үшін еркін болу деген не?

– Еркіндік – адамның ішкі тәуелсіздігі. Жан қалауы және соған қарай әрекет етуі. Бірақ шектен тыс еркіндік адамды бағытынан адастырады. Менің ұғымымда еркіндік деген – жүрегің қалаған іспен айналысу, ұнататын ортаңды қалыптастыру, өзің қажет ететін қабілетті дамыта алу. Әрине, шығармашылық адамдарға еркіндік тән. Себебі кеңістікке үйренген азамат тар шеңберінде шығармашылықпен айналыса алмайды. Бастысы, ой еркіндігі, сөз бостандығы болуы қажет.

– Шетелге кету үдерісі үдеп барады. Білімді де, жұмысты да сырттан іздегендер көп. Бұл әлеуметтік лифтінің әлсіздігі ме? Әлде мұны қалыпты деп қабылдау керек пе?

– Шетелде білім алуға ұмтылу – практикада бар, аса қорқатын жағдай емес. Ақылдылар ағыны әр кезеңде болған. Білімі мен тәжірибесі мойындалған елдерге барып, ілім жинап, жаңаны меңгеруге ұмтылу өте жақсы. Себебі тіл білу – өмірлік көзқарасты өзгертіп, танымды кеңейтіп, деңгейді арттырады.

Үдере көшуге түрлі факторлар әсер етеді. Жоғары жалақы, жайлы өмір соңын қуалап кеткендер де табылады. Ал білім алып, сол мемлекетте өмір сүруді жалғастыратын азаматтарға сатқын ретінде қарамауымыз керек. Туған жерін шексіз қадірлей білетін әрбір жас жырақта жүрсе де еліне пайдалы болуға тырысады. Шамасы келгенше, адал ұрпақ тәрбиелеп, отбасын да сақтап, ұлттық құндылықтарды өзге елде дәріптей алады. Өзі секілді жастардың басын құрап, комьюниті құрып, мұхит асып келген інікарындастарына көмек береді.

Ал, шетелге арнайы жұмыс істеуге бару – бөлек әңгіме. Көбінесе орта жастан асқан азаматтар өндіріс орындарында арзан жұмысшы күші ретінде тартылады. Өкінішке қарай, құқықтық сауаты болмай, құжат рәсімдеуден қиналып, алаяқтардың арбауына түсіп, елге қайта алмай қалған жігіттерді де жиі естиміз. Меніңше, шетелге саяхат немесе білім алу, бизнес пен IT-дің мүмкіндігін көру үшін баруға болады. Десе де, туған жердің құшағы ыстық. Себебі ата-анаң, бауырларың мен қимас жандардың қасында жүру бәрібір бөлек.

– IT бағытындағы жоба-байқауда төреші болып жүрсіз. Жас буынның инновациялық идеясына қандай баға бересіз? Білім мен ғылымда революция жасауға қаншалықты қауқарлы?

– Мойындауымыз керек, АҚШ пен кәрі құрлық елдеріндегі IT мүмкіндіктерге жету үшін көп еңбектену керек.

Goldman Sachs дейтін алпауыт банк бар. Олар таяу арада жүздеген мамандық қысқарады, салдарынан 3 миллионға жуық жұмыс орны жойылуы мүмкін деп болжам жазған еді. Демек, келе-келе адам еңбегін жасанды интеллект алмастыра бастайды. Қарқынға ілесу үшін қазірден бастап қимыл керек. Мұны Президент те бірнеше рет айтып еді. Қай уақытта да мүмкіндік аз жерде идея көп болады. Жоқтан бар жасай алу үшін ынта керек. Марк Цукерберг, Билл Гейтс, Стив Джобстың өзі небәрі 20 жасында әлемге әйгілі компаниялар құрды. Сондықтан IT жобаны ойлап табу жас талғамайды.

Байқағаным, біздің өңірде жастар IT жобаларға батыл түрде қатысып келеді. Мәселен, Hackathon, InnoFest сынды ауқымды инновациялық жобалар аясында 7500-нан аса жас өз жобаларын жасап көрген. Үздіктері грант алды, таңдаулылары бизнесмендермен жеке жұмыс жасауға көшті, қалғандары идеясын қайта дамытты. Өткен жылы InnoFest фестиваліне 2500 бала қатысты.

Біле білгенге, бұл – үлкен масштаб. Бір қуантарлығы, өтімді сценарий жаза алатын қабілеті бар, креативті контент жасауға талпынып жүрген, smart city және жасанды интеллектпен байланысты жобалар жасай алатын жаңа буын өсіп келеді. Innofest Qyzylorda креативті индустрияға жол ашуда. Сондықтан сұхбат басында қойған сауалыңызға жауап бұл. Қазақ – жалқау емес!

– Мәдениет пен өнер – тәрбие құралы. Көрсетілімдегі кинолар жайында не айтасыз? Бұл жасөспірімнің психологиясына қалай әсер етеді?

– Қазақстандағы кинематографияның қазіргі деңгейі жақсы. Керемет туындылар экранға жол тартуда. Әлеуметтік астары бар месседждерге толы киноөнімдер қатары көбейді. Қайраткерлер туралы мемуар жанрындағы туынды, әзілшыны аралас комедиялардың деңгейі біршама өскен. Жас режиссерлер азын-аулақ қаржы тауып, тіпті кейбірі несие алып үлкен қадамға баруда. Сондықтан көрерменге ой тастай алатын, өздігінен касса жинайтын киноөнімдер нарықты мойындатты.

Әрине, киносарапшы емеспін. Бірақ барды бар деу керек. Жасөспірімнің психологиясына кинодан гөрі әлеуметтік желілер көптеп әсер етеді деп ойлаймын. Альфа ұрпақтың ең әлсіз тұсы – телефонға тәуелділігі. Рухани білім алуға уақыт арнамауы, шынайы қарым-қатынастарға толы оффлайн кездесулердің аздығы, онлайн шеңберде қалған жасөспірімнің психикасын барынша қатігез әрі өзімшілдікке алып келуде. Мәселе осында.

– Сіздіңше, жастарға қатысты қандай түйткіл бар? Осы уақытқа дейін жүргізілген стратегиялық бағдарламалар сіресken сеңді бұза алды ма?

– Меніңше, білім алуда аса бір қиындық жоқ. Ізденіске ден қойған, білім алуға енжар емес әрбір жас тегін білім ала алады. Жастар арасында өзекті мәселе ол баспана бабы. Шын мәнінде, Қазақстанда үй алу әлі де қиын. Орта деңгейдегі жалақасы бар жас отбасылар үшін үйге инвестиция салу біраз жылдарды қажет етеді. Сондықтан пайыздық жүктемесі аз бағдарламаларға талабы сай келмей қалатын отбасы көп. Бастапқы жарнаны жинауға қиналатыны да бар. Амал жоқтықтан, пәтер жағалайды.

Бұл тұрғыда өңірде «Сыр жастары» бағдарламасының бастау алғаны қуантты. Расында, ауылдан көшіп келген, жағдайы орта деңгейдегі жас отбасылардың тапқан табысы арендалық төлемдерге емес, өз үйіне қарай бағытталса кәдімгідей мотивация. Ал, баспана шешілсе, қалғаны тек сылтау ғана. Жұмыс табу, лайықты өмір сүруге бейімделу адамның өз қолында.

– Журналиссіз. Әкімнің баспасөз хатшысы да болдыңыз. Қазіргі медианың даму қарқыны қандай?

– Қазір гибридті медиа заманы. Дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа арасында симбиоз бар. Әлеуметтік желі тұтас бір платформаға айналды. Бұрын 3 минуттық контент өтімді болса, қазір аудитория 15 секундтық тик ток өнімін қарай бастады. Ақпарат тым көп әрі тегін. Бірақ тексерілмейді. Сүзгі жоқ. Әсіресе, әлеуметтік желіде жалған ақпараттар өте көп. Бопсалау, қорлау және ашықтан ашық репутацияға зиян келтіру үдеп барады. Зардап шегуші тараптың үнсіздігі, сотқа дейін бармауы желі белсенділерін «төрге шығарды».

Пайдалы контенттердің де қатары артып келеді. Мұны да ескеру маңызды. Ақпарат қазір тауарға айналды. Өтімді болса, монетизациямен табыс табуға болады. Ютуб соған дәлел. Ал, кәсіби журналистер үшін аналитиканың орны биік. Сондықтан медиа үлкен өзгерістер кезеңінде. Ұдайы дамып отырған адамға бұл аса қиын емес.

– Сүбелі сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Замира ДАСТАНҚЫЗЫ

Жәрдемақы көлемі артты

Жәрдемақының көбейгені халықты қуантты. 1 қаңтардан бастап мемлекеттік жәрдемақының барлық түрі және базалық зейнетақы төлемі ҚР Ұлттық Банкі айқындайтын инфляцияның болжамды деңгейіне сәйкес 7%-ға, ынтымақты зейнетақы 9%-ға, яғни инфляция деңгейінен 2%-ға артты.

Сонымен қатар баланың дүниеге келуіне байланысты берілетін жәрдемақы көлемі де ұлғайды. Ол 131 100 теңгеден 140 296 теңгеге дейін көбейді. Ал төртінші және одан да көп бала тууына берілетін жәрдемақы 217 350 теңгеден 232 596 теңгеге дейін ұлғайды. Сондай-ақ көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы көлемі де жоғарылады. Мәселен 4 баласы барлар 59 183 теңге, ал 10 баласы бар отбасыларға мемлекеттен 147 680 теңге көлемінде жәрдемақы төленеді.

– Бұған дейін 5 баланың жәрдемақысын алатын едім. Кешегі өзгеріс көпбалалы ата-аналарды қуантты. Біз балашағаның азық-түлігінен бұрын, киім-кешегін де сол ақшамен қамтамасыз етеміз. Сондықтан да мемлекет балалардың ақшасын көбейтіп, дұрыс шешім қабылдады деп ойлаймын. Көп балалы ата-аналардың бүгінгі жағдайы, күн-көрісі өзіңізге белгілі. Жасыратыны жоқ, азық-түлік бағасы қымбаттамаса, арзандап жатқан жоқ. Бір базарға бару үшін де қыруар қаржы керек. Қазір бәрі ақшаға келіп тіреледі емес пе?, – дейді Айгүл есімді көпбалалы ана.

Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті ұсынған мәліметке сүйенсек, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жыл және одан аз болғанда немесе болмағанда тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 65 пайыз мөлшерінде, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жылдан артық әрбір толық жыл үшін оның мөлшері 2 пайызға артады, бірақ ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 105 пайызынан аспайтын мөлшерде беріледі.

– Мүгедектігіне және асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері ЕТКД (ең төменгі күнкөріс деңгейі) (43407 теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты арттырылды. Сонымен қатар мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға және бірінші топ мүгедектігі бар адамға күтімді жүзеге асыратын адамға төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері ЕТКД (43407 теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты арттырылды. Биылдан бастап бұл жәрдемақылардың мөлшері 69886 теңгені құрайды. Енді айлық есептік көрсеткішпен есептелетін жәрдемақы төлемдері мөлшері оның артуына (3692т) байланысты көбейеді, – деді облыстық еңбек және әлеуметтік қорғау департаменті басшысы Ертілеу Шынтасұлы.

Жәрдемақының артқаны қуанышты жаңалық. Десе де зейнеткерлер тарапынан «Азық-түлік бағасы шарықтап кетпей ме?» деген қорқыныш жоқ емес.

– Жалақы көбейсе, азық-түлік бағасының қымбаттайтыны бар. «Зейнетақыға қосылды» деп қуанып жүргенімізде, «азық-түлік бағасын көтеріп жібермесе екен» деген қорқыныш бар. Себебі зейнетақыны айына бір алсақ, азық-түлікті апта сайын алуға тура келеді. Оның үстіне күнделікті дүкеннен керек-жарақ заттарымыз бар. Жас үлкейген сайын, дәрі-дәрмек саны да көбейе береді екен. Бүгінде дәрігерге көрініп, дәріні өз қаражатымызға сатып алып жүрміз. Бұл да қалтамызға салмақ болып түседі. Денсаулық өзімізге керек әрине. Десе де жас ұлғайған сайын жағдайымыздың жақсарғанын, бізге үкіметтің қарайласқанын тәуір көріп тұрамыз, – дейді Дүйсенкүл есімді зейнеткер.

– Жасына және еңбек сіңірген жылдарына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері алынатын мөлшерден 9 пайызға артады. Жасына байланысты жаңадан тағайындалған зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс 55 АЕК (203 060 теңге) құрайды. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 205-бабына сәйкес, күнкөріс деңгейі жаңа мөлшеріне пайыздық қатынаста белгіленеді. Жалпы, аурудан 1-топтағы мүгедектігі бойынша Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшері 95 496 теңгені, 2-топта – 76 мың теңгені және 3-топта – 52 мың теңгені құрайды. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша 1 асырауындағы адамға берілетін жәрдемақы 39 935 теңгені, жәрдемақының ең жоғары мөлшері 126 749 теңгені құрайды, – деді Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Астана бойынша департаменті басшысы Қанат Тоқтыбаев.

Сөз соңында айта кетейік, айлық есептік көрсеткіш айыппұл мен салықты есептеу үшін де қолданылады. Демек, енді қазақстандықтар бұрынғыдан жоғары айыппұл мен салық төлейді..

Мөлдір САБЫРЖАН

ҚАРЫЗ ҚАҚПАНЫНАН ҚҰТЫЛА АЛАМЫЗ БА?

Қаржылық сауаттылық – сан ғасырдан бері адамзатпен бірге жасасып келе жатқан күрделі мәселе. Ақшаның құнсыз болған шағында табыс көзін әртүрлі жолмен іздеп, қомақты қарызға белшеден батып, аяғы тұсауланған жандар жетерлік. Шарасыздықтан басын тауға да, тасқа да соғып уақытша микронесие алып, құнды заттарын сатып, алайда пайызын өтеуге мүршасы жетпей жүргендердің жағдайы мүшкіл. Халықтың басым көпшілігі үйге керекті техника, көлік, телефон іспеттес заттарды алу, сондай-ақ тойды «ұят» болмасын деп жоғары деңгейде атқару үшін несиеге жүгінеді. Соңғы статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, Қазақстанда 8,4 млн-ға жуық адам ұлттық банкке 15 трлн теңге берешек екен. Яғни 84% қазақстандықтың жабылмаған тұтынушылық несиесі бар.

Жаға ұстатарлық жарна

– Жасыратыны жоқ, қазір банктерден шектеусіз кредит алып, қарызға белшесінен батып отырған азаматтар көп. «Халық несие қамытын киіп отыр» десе де болады. Адамдардың несиеге тәуелділігі мен қаржылық сауатының төмендігі үлкен әлеуметтік проблемаға айналды, – дейді Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошанов.

Елімізде I және II дәрежелі банктер саны 21 және олар ресми түрде жұмыс істейді. Осы тұста қазақстандық банктердің несие жарналарына бір шолу жасап өтсек. «Халық банкі» 10,5%, «Хоум кредит банкі» 7,9%, ал «Каспий банкі» 20,9% және 26,9%, «Жусан банкі» 21%-ын ұсынса, ал жалпы Қазақстандағы несие жарналары 20,50%-ды құрайды. Сондай-ақ, еліміздегі орташа ипотекалық мөлшерлеменің ставкасы 15,83%. Ол әлемдегі ең жоғарғы ставкалардың бірі. Қарапайым халықтың орташа жалақысы 350 мыңды құрағанымен, жұмыссыз немесе әлеуметтік жағдайы нашар, толық емес отбасы, мүгедектігі бар азаматтардың табанына тас қоятыны рас. Оның үстіне халықтың несие алуға тәуелді екенін жасыру мүмкін емес.

– Кейбір азаматтар мерзімі өтіп кеткен кредиттерін жабу үшін одан да жоғары пайызбен жаңа кредиттер алады. Осылайша, шектеусіз кредит алып, қарызға белшесінен бата береді. Ал банк кредит беруден бас тартқан жағдайда, олар пайыздық үстемесі өте жоғары микроқаржы ұйымдарына жүгінеді. Осылайша, адамдар қаржылық сауатсыздықтың кесірінен жағдайын қиындата береді, – дейді ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов.

Мемлекет халық берешегін өтей бермейді

Мемлекет несие амнистиясын 2019 жылдың 1 маусымында әлеуметтік осал топтарға қолданған болатын. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Азаматтардың борыштық жүктемесін азайту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына қол қойып, қазақстандық банктерге және микроқаржы ұйымдарына құны 3 млн-нан аспайтын несиелерді бюджеттен өтеп берді. Бұл қарапайым халықтың әл-ауқатын жақсартуға арналған жоба болатын. Алайда несиесі кешірілген адамдардың 10%-ы қайтадан несие алып, оны өтеуге мүршалары болмай жүргені туралы мәлім болды.

– Өкінішке орай, 2019 жылы несие қарыз кешірілгеннен кейін біздің қаржы секторындағы несие көлемі, соның ішінде төленбеген проблемалық несие үлесі тағы да өсті. Сондықтан мемлекет есебінен қайта-қайта кешіре берсек, жаңа несие алатындар қатары одан сайын артады, – дейді ҚР қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттік төрағасы Мәдина Әбілқасымова.

Сенімсіз тұтынушы «қара тізімге» ілігеді

Несиеге төлем жасау үшін басқа банктен несие алып, қарызын өтеуді ұйғарған адамдар аз емес. Бұл схема бұрын жүзеге асса, қазір банктер сенімсіз тұтынушыларын «қара тізімге» енгізеді. Бұл фактор клиенттерге қолайсыз болғанымен едәуір пайдасын беретіні айқын. Себебі несиені өтей алмайтын жағдайдағы адамдар бұл функцияның көмегімен басқа да микронесие, жоғары жарналы кредиттен басқа арашалап алады. Алайда «қара тізімге» ену – қайтадан несие ала алмайды дегенді білдірмейді. Себебі 12 айда несие тарихын жөндеп, банк қарыздарын толық жауып, басқа да несиеге қатысты мәселелер туындамаған жағдайда – қарыз алуға жол қайта ашылмақ. Тағы айта кететін жайт, бұл тек «тұтынушылық несие» алған азаматтар үшін ғана арналған мүмкіндік.

– Егер қарыз алушының берешегі толық емес, ішінара өтелген болса, банктер бұл қарыз алушымен ыңғайлы кестесімен бірге оңалту жоспарын жасайды. Соған сәйкес қарыз алушының оңалту жоспарын орындағаны және соңғы 12 айда басқа мерізімі өткен берешегі болмаған жағдайда "оңалтылды" деген мәртебені алады, – деді ҚР қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің департамент директорының орынбасары Ерлан Сейілов.

Жеке сот орындаушысы туралы не білеміз?

Несие алушы азаматтар әртүрлі себептен, шұғыл түрде қаржыға мұқтаж болуы мүмкін. Несиенің шарттарын дұрыс түсінбей, кикілжіңге кезігіп, сотқа дейін жетіп жатқан жағдайлар да бар. Егер несие алған банк борышкерлері төлемді уақытылы жасай алмай, созбақтай беретін болса, банк «жеке сот орындаушыларының» көмегіне жүгінеді. Бұл мамандар «мәжбүрлі» түрде төлетуге құзырлы. Олар заңмен қорғалатын, соттың шешімін орындайтын уәкілетті лицензияланған азаматтар. Есепшотқа тыйым салу, басқа да сотқа дейінгі шараларды жүргізеді. Тұтынушылардың ісі насырға шапқан жағдайда 5 тәулікке дейін қамауға алынатынын ескерген жөн. Бұндай келеңсіздіктер азаматтардың несие алар алдында немесе өтеу барысында заңды білмеушіліктен туындайды.

– Азаматтардың көпшілігі заңды білмегендіктен, жапа шегіп жатады. Әсіресе, алаяқтардың құрығына ілігетіндер көп. Тіпті, бір миллион теңгеден асатын қаржыны ешқандай кепілсіз қарызға беретіндер де бар. Көп жағдайда қарыз алатындар алаяқ болып шығады. Олар заңды өте жетік біледі. Бізге осындай іс түссе, қарыз ақша алған адамның атында мүлік бар ма, жоқ па – соны тексереміз. Көп жағдайда мұндай адамдар өз атына мүлік тіркемейді. Егер борышкердің атында ешқандай мүлік болмаса, қарызды қайтару қиын. Тіпті, ол адам өмір бойы қарызын қайтармай жүре беруі мүмкін. Жағдайының жоқ екенін, бірақ қайткенде қайтаратынын айтып, ақталады. Ал күштеп жұмыс істете алмайсың. Осы жерде заңның әлсіздігі байқалады. Егер заң бойынша мұндай адамдарға қатаң жаза қолданылса, олар жауапкершілікті сезінер еді, – дейді жеке сот орындаушысы Дина Темірханова.

«Қарызсыз қоғам» жобасы

Қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі – қаржылық сауаттылық екені мәлім. Тұтынушылық несиенің рекордтық деңгейге жетіп отырғанының да себебі осы. Қарапайым халық бұл тіркестерді бұрын естімеген де болуы мүмкін. Медианың дамыған шағында халықтың басым көпшілігі көгілдір экранға құмар екені рас. Ауылдық өлкелерде тұратын, оқушылар, кәмелет жасынан енді асып, ЖОО-на түскелі тұрған абитуренттердің көбісі «қаржылық сауаттылықтан» бейжай. Сол себепті ақшаға зәру болған жағдайда несие, микроқаржы, ломбард іспеттес алдамшы пұлға байланып қалуы мүмкін. Осы орайда AMANAT партиясы «Halyk Bank»-пен бірлесіп «Қарызсыз қоғам» жобасын қолға алып, жүйелі түрде жүргізуді жоспарлады. Президент аз уақыт аралығында асығы алшысынан түскен жобаны Жолдауында айрықша атап өтті. Жоба аясында 200-ден астам кәсіби тренер қаржылық сауаттылықты үйрететін курстан өтетін болады. Олар көктемнен айларынан оқуды бастап, жыл соңына дейін біліктілігін арттыра бермек.

– Halyk Bank-тің AMANAT партиясымен халықтың қаржылық сауатын арттыруға арналған бірлескен ауқымды жобаны бастауға мүмкіндігінің болуына қуаныштымын. Күнделікті жұмысымызда қарыз алушылардың түрлі проблемаларын көруімізге тура келеді. Өкінішке қарай, несиені төлеу мөлшерлемелерін, мерзімдері мен тәсілдерін, сондай-ақ егер кенеттен мәселе туындаса не істеу керектігін және өзінің борыштық ауыртпалығын қалай жеңілдету керектігін білмейтін несиесі бар адамдарды жиі кездестіреміз, – деп атап өтті Halyk Bank Басқарма Төрағасы Үміт Шаяхметова.

AMANAT партия хатшысы Эльдар Тынышбайұлы жобаға қатысқандарың 63,1%-ы банктегі несиесі туралы ақпарат алмағандығы туралы, 13%-ның 10-нында кредит бар екенін атап өтті. Бұл көңіл қуантатын көрсеткіш емес. Жоспар бойынша жоба ауылдық округтардағы 80 мыңға жуық тұрғынды қамтымақ. Алғашқы кезеңде 8 аймақты қамтитын жоба аясында 500 мыңнан астам оқушы мен студент жоба аясында қаржылық білімді арттыратын болады.

– Әртүрлі есеп бойынша елімізде шамамен 1,5 млн қазақстандық банкроттық деңгейінде тұр, қарызын уақтылы төлей алмай жүргендердің саны 6 млн-нан асады. Несие алып, қарызға батқан сол азаматтарға кезінде кеңес беретін ешкім болған жоқ. Енді қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша «Қарызсыз қоғам» деп аталатын білім беру жобасын қолға алып, арнайы қаржылық сарапшыларды дайындауға кірістік. Сарапшылар еліміздің 8 өңірін аралап, жылдың аяғына дейін 80 мың адамды оқытып шығару керек. Осылайша қазақстандықтардың қаржылық мәдениетінің деңгейін арттыра аламыз, – деп атап өтті партия хатшысы Эльдар Жұмағазиев.

P.S: «Аузы күйген үрлеп ішеді» демекші, қарыздан бас көтергендер қайтадан несиенің құрбаны болмауы тиіс. Мемлекет халықтың әл-ауқатын көтеру үшін көп бастамаларды жүйелі жүргізіп отыр. Есесіне халықта өздігінше тырбанып, елдің экономикалық нарықта үдемелі дамуына үлес қосуы тиіс. Қаржылық сауаттылықтың маңызын ұғатын уақыт келді. Ал қолға алынған жобалар жақсы нәтиже көрсетуден талмай, халықтың әлеуеті жақсара берсе екен дейміз.

Нұршат НЫШАНОВА

Басы 1-бетте

ҚОҚЫС САЯСАТЫ: полигонның пайдасы қандай?



СУБСИДИЯЛАУ СТИХИЯЛЫҚ ҚОҚЫСТЫ АЗАЙТА МА?

Мойындауға мойнымыз жар бермесе де, көшені қоқыспен толтыру әдетке айналған. Ауылдағы ахуалды айтпағанда, ірі мегаполисте де мін бар. Қоқысты сұрыптаудың орнына көмумен шектелеміз. Мұны министрлік те мәлімдеді.

– Әлемнің көптеген елдері қалдықтарды қайта өңдеп, утилизация жасайды. Тиісті инфрақұрылым жасалып, халықтың қалдықтармен жұмыс істеу мәдениеті қалыптасқан. Бұл Еуропа елдеріне қалдықтарды өңдеу көрсеткішін 50%-ке жеткізуге мүмкіндік берді. Бүгінде Швеция тұрмыстық қалдықтардың 99%-ін қайта өңдеп, пайдаға жаратып отыр. Ал біз әлі күнге дейін қоқысты жоюдың жинақтау немесе көму сияқты әбден ескірген әдісін қолданып келеміз, – деді Әлихан Смайылов.

Ілгері қадам басу көшке ілесуге мүмкіндік береді. Қалдықты жоюды жүйеге келтіріп, тиімді тәсілге сүйену маңызды. Осы ретте қалдықтарды басқару жөніндегі арнайы кәсіпорындарды субсидиялау басталмақ. Министрлік Түркия, Испания, Германия, Швеция, АҚШ-тың кейбір Штаттары, Норвегия, Канада, Корея және Жапонияның озық тәжірибесін зерттеді.

– Халықаралық тәжірибеде қалдықтарды тиімді басқару мақсатында қайталама шикізатты тапсырғаны үшін сыйақы беру мен қалдықтарды шығару қызметіне сараланған тарифтеу және әкімшілік жауапкершілікке тарту сияқты негізгі шаралар қолданылады. Мұны іске асыру үшін инфрақұрылымды дамыту керек және бизнес субъектілерін осы салаға тартуға тиіспіз.

Жеңілдетілген қаржыландыру тетігі әзірленді. «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы сыйақы мөлшерлемесі 3 процент және 3 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге қаржыландыру қарастырылған. Жобаларға 3 жылға бөлінетін қаражаттың жалпы мөлшері шамамен – 200 млрд теңге, – деді экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев.

ҚЫЗЫЛОРДА: 1 ЖЫЛДА 73 МЫҢ ТОННА ҚАЛДЫҚ

Белкөл кентінен 7,5 км қашықтықта орналасқан полигон көпке мәлім. Қалдықтарды сұрыптау кешенінің жылдық қуаты 60 мың тонна. Қала бойынша өткен жылы полигонға жалпы 73 724 тонна, күн сайын 180-200 тонна көлемінде қалдықтар тасымалданған. Орта есеппен 70 тоннасы сұрыптаудан өткізіледі. Нәтижесінде пластмасса өнімдері екінші қайтара өңдеуге жіберіледі.

– Полигон құрылысы санитарлық-экологиялық талаптарға толық сәйкес келеді. 20 гектар аумағы толық қоршалған, қалдықтарды сұрыптау кешенімен және қалдықтарды өлшеу таразысымен қамтамасыз етілген. Тұрмыстық қатты қалдықтар полигонына 73 мың тоннадан аса қалдықтар қабылданды. Оның 35,7 мың тоннасы қала көшелеріне жүргізілген санитарлық тазалығынан құралған қалдықтар,

37,9 мың тоннасы жеке кәсіпкерлер мен көпқабатты тұрғын-үй аулаларынан шығарылған тұрмыстық қатты қалдықтарды құрайды.

Қазіргі таңда полигон бойынша 9 бірлік арнайы техника және 23 адам қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және көму жұмыстарымен айналысуда, – деді қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының орынбасары Дархан Бақтияров.

Әкімдік бұл мәселені қалт жібермеген сыңайлы. Жақында шаһар басшысы Серік Қожаниязов полигонға барып, жұмыс барысымен танысты.

– Полигонға келетін қоқыстарды экологиялық кодекс талаптарына сай залалсыздандырып, қайталама шикізатты өңдеу арқылы табыс табуды жолға қою қажет. Ынталы кәсіпкерлермен келіссөздер жүргізіп, полигонды сенімгерлік басқаруға беру керек. Медициналық қалдықтарды да осы жерде залалсыздандыратын шаралар қабылдап, экологияға зиян келмейтін әдістерді қолдану маңызды. Ол үшін өңдеуден өткен қоқыстардың көзін жоятын арнайы пештерді орнату қажет. Ал ескі қоқыс полигон жерінің құнарлығын қайта қалпына келтіруге жоба-сметалық құжаттамасы әзірленеді, – деді ол.

Сонымен қатар қала әкімі «Қызылорда тазалығы» ЖШС директоры Талғат Құлмағанбетовке қатты тұрмыстық қалдықтарды игеру, кәдеге жарату және қайта өңдеуде кешенді шараларды ұтымды үйлестіру қажеттігін және қаланың сол жағалау ауданында орналасқан көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларына жерасты қоқыс контейнерлерін қою бойынша ұсыныс жобасын әзірлеуді жүктеді.

Қысқасы, азық-түлік қалдықтары да полигон аумағында шірітілуде. Осы процес арқылы қоршаған ортаға түсірілетін салмақты жеңілдетіп, көмілетін қалдық көлемін қысқартуда. Тек мұндай қарқынмен шектелмей, тың әдісті де қолға алған жөн. Егер пластмасса өнімін өңдегендей нәтиже болса, әлдеқайда алға жылжығанымыз. Қанша дегенмен қалдықтың да қаржы көзі екенін қаперде ұстаған ләзім.

ҚОҚЫСТЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ЕЛДЕР БАР

Қоқыстың қолқаны алған иісінен ат тоңды ала қашатынымыз рас. Ал, әлем елдері әлдеқашан қалдықты пайда көзіне айналдырды. Бір жағынан, әр тұрғын үйінде де қоқысты сұрыптайды.

Бізде қоқыс тастау мәдениетінің төмен екеніне көз жеткізуге болады. Жәшікті лық толтырып, одан қалды үйінді етеді. Мәселен, Швецияда қоқыстың 99%-ын қайта өңдейді. Олар қоқысқа тасталған бір бөтелкеден жетеуін жасап шығарады. Сондықтан болар, тіпті қоқыс таппай қалады. Деректерге сүйенсек, Швецияға Норвегия мемлекеті жылына 800 мың тонна қоқыс жібереді екен. Сондай-ақ әр отбасында мәдениет қалыптасқан.

– Жапонияда қоқыс контейнерлері жоқ. Әр тұрғын қолдағы қоқысын көшеге тастамай, үйіне апарып, міндетті түрде сұрыптайды. Өйткені бұл мемлекетте қоқыс қайта өңделеді. Үйдегі қоқысты сыртқа шығарудың да тәртібі бар. Аптасына бір немесе екі рет алып кетеді. Оның белгілі уақыты мен жерін, ережесін жергілікті әкімшілік бекітеді.

Бұдан бөлек, көшедегі қоғам тәртібіне қатысты Сингапурды мысалға келтіремін. Себебі, мұнда сағыз, темекі сынды өнімдерге тыйым салынады. Қоғамдық көлікте де рұқсат етілмеген. Халықты қалай тәртіпке келтірген дейтін болсақ, еңбекақының көлемінен артылатын айыппұл салынады. Әр көшеде, әр бұрышта бейнебақылау орнатылған. Ұсталған адам айлығын айыппұлға төлейтін болғандықтан халық ережені бұлжытпай орындайды, – дейді саяхатшы Динара Болат.

Түйіндей келе, қоқыс жайы ел экономикасы мен экологиясына ықпал етеді. Демек, қоқыстан арылтуға мемлекет ғана мүдделі емес. Тұрғындар да ауласын айнадай етіп отырса, қоғамдық тәртіп сақталса түйінді сәл де болса тарқатуға болар.

Замира ҚОНЫСЖАН

Мектеп оқушыларының жеке тұлға ретінде дамуына халықтық педагогиканың мұралары, ұлттық тәлім-тәрбие зор үлес қосады. Тәрбие үрдісінде халық педагогикасының тәлімін енгізу арқылы қаны да, жаны да таза, елін, жерін, тілін қастерлей алатын азамат дайындауға жол ашылады. Бүгінгі мектептің оқу-тәрбие үрдісіне халықтық педагогиканың тәлімдерін және әлемдік мәдениет құндылықтарын енгізу мәселелері көптеген ғалымдардың еңбегінен орын алады. Осы құндылықтар жаһандану жағдайында мәдени қарым-қатынас және ұлттық тәлім-тәрбие құралы болмақ.

Қос ғасырдың тоғысар тұсында ұлы Абай халықты өркениеттің өріне алып шығар амалды тапты. Ол ғылым мен білім, өнер үйрету жолы еді. Заманының тұрпатын, ұлт тұрмысының кемшін тұсын Абайдай көре білген жан кемдекем. Әдебиеттің мол мұрасы, ерен жетістігі, шексіз байлығы бізге Абай арқылы келіп отыр. Абай – қазақ үшін парасат биіктігінің, ақыл-ой мен рухани байлықтың өлшемі.

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ БАСТАУЫ

Абай ең алдымен қазақ дүниесінде тұлғалық сананы ашады. Қазақтың бас ақыны поэзиясында өз еліне ықпал етіп, жол көрсеткісі келеді. Мұндай мәселе Батыс дүниесінде, грек дүниетанымында ашылса, бізде – Абай ашқан. Абай сыни дәстүрді бастады. Бұл оның дінге бойлағанының бір көрінісі. Ақын дәстүрлі исламмен айналысып қана қоймай, ислам философиясына бойлаған кісі. Ақын өлеңдерінде өз заманындағы қазақ халқының күнделікті тұрмысы, оның рухани байлығы, әдет-ғұрпы, қазақ ауылының жыл мезгілдеріне байланысты көрінісі мен болмысы жайында ой толғаулары ұштасып жатыр. Ұлы Абай қазақ даласына білім принципін адам өмірінің негізі ретінде енгізіп, өркендеумен байланыстырды.

Абай адам мұратын қалыптастырып қана қойған жоқ, мақсатқа жетудің шынайы жолын көрсетіп берді. Шығармасында адам бойындағы қайырымдылық, қанағат секілді қасиеттер де талданған. Дана ақынның пайымынша, адамшылықтың мұратына жетудің негізгі құралы – шығармашылық ойлау. Демек ой – табиғат құбылыстарын ғана емес, адам өмірін талдау, қорыту, салыстыру үшін берілген. Нағыз адам мұратына жетудің екінші шартын еңбек, қызмет деп есептейді. Ақын еңбек туралы да жаңа сөз айта алды. Ол қазақ қоғамында еңбек туралы жаңа түсінік қалыптастырды. Абайдың айтуынша, еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы. Еңбектің өмір сүру құралы екендігін баршаға насихаттайды. Ғылымды игеру, тану, білімді болу – маңдай тердің, еңбектің мәні. Сондықтан ақын еңбек пен мақсатты өлеңдерінде асқақтата жырлады.

Абай – қазақ елінің моральдық кодексін жасаған адам. Толық адамды ақын білімділік, ақылдылық, ғылымсүйгіштік қасиеттер анықтайды деп тұжырымдаған. Толық адамның бойында сегіз қасиет бар. Сол сегіз қасиеттің ішіндегі ең күшті қасиет-ғылым мен құдірет. Осы екеуін қосып, ақын «ақыл» деп алады. Ал, үшіншісі – әділет. Бұл қасиет адамның бойында болса, онда сол адам толық адам болмақ. Жастарды тәрбиелеуде біздер осы ілімді мейлінше үйретуіміз керек. Ұлы ақынның гуманистік этикасының, моралінің тағы бір ерекшелігі тек туған-туысқаныңа, дос-жараныңа ғана емес, тіпті, «дұшпаныңа да әділ бол» деуінде. Дұшпанға әділ қарауға шақыру – әлемдік гуманизмнің биік шыңы саналады. Абайдың адамгершілік идеалы, принципі – қысқаша ғана «Адам бол!» деген тұжырым. «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» – деп, адам бойындағы рухани байлықтың жоғалмауын осындай ұстаныммен ұштастырады. Ойшыл отыз сегізінші қара сөзінде: «Адам баласы үш нәрседен: надандықтан, еріншектіктен, залымдықтан қор болады, нағыз кісі болудан қалады» – деп нағыз адам болу жолын көрсетті. «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген ұранды мәңгілік есте сақтау керек. Абай жастарды еңбекке баулуда күнделікті отбасы тәрбиесіне, ата-ананың жауапкершілігіне ерекше мән беру керектігін баса айтады. Абайдың бойына адамгершіліктің ізгі қасиеттерін ақ сүтімен қоса дарытқан ана мейірімінің қуаты. Кеудесі аңыз-әңгімеге толы әжесі Зере мен мінезге бай анасы Ұлжан Абайды өз алдына бір бөлек рухани қазына бесігі болып тербетті. Абай – мәңгілік тақырып. Әр ұрпақ Абайды өзінше танып, өзінше оқып, өзінше танытады. Дәл қазіргі уақытта рухы мықты ұрпақ тәрбиесі үшін Абай шығармаларының құдіреті шексіз. Себебі дана Абайдың айтқан әрбір сөзі саналы адамның көкірегіне ой салып, адамгершілікке тәрбиелейтін өсиетке толы.

Қазақтың бас ақыны өлеңдеріндегі «Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей», «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын», «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» – деген қазыналы ойлар бәрімізге жақсы таныс. Әр адам осы түйінді тұжырымдарды санасына берік тоқып, өзінің тынымсыз, адал еңбегімен өмір сүрсе – Қазақстанның болашағы айқын болмақ! Әлемдік мәдениеттің тұлғасына айналған кемеңгер күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады.

Дидар КАЮПОВА,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы

ТӘРБИЕ – ТҮПҚАЗЫҚ

Жеке тұлғаның дамуы оның әрекетінен және басқа адамдармен ой алмасу, сондай-ақ санасезімінің пісіп жетілу үрдістерінде өтеді. Жеке тұлғаны әлеуметтендіру мектепте атқаратын іс-шараларда негізгі орын алады. Яғни, оқушының өмірге деген көзқарасын, адамзат мәдениетін меңгерту, қоғамдағы орнын еркін табуы, ұлтаралық мәдени қатынастарды меңгерту мектептің оқу-тәрбие жұмысының негізі. Сондықтан алдымыздағы негізгі міндет – білімді, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Ұрпақтың бойына қайырымдылықтың, ізгіліктің дәнін сепсек деп ойлаймыз. Ал оның барлығы ұлттық тәрбиемізден бастау алатынын кейде естен шығарып аламыз. Ендігі бөлек Еуропаның, белдігі бөлек Батыстың мәдениетін жоғары санап, соған басымдық беріп, ұлттық тамырынан ұзап бара жатқан ұрпақ өз арамызда өріп жүр. Соларға салт-дәстүр, таным-түсінігімізді барынша сауатты түсіндіріп, ортамызға қайта оралту міндеті тұр алдымызда. Қазақи орта үшін әуелден тән қасиет үлкенді қадірлеу, қонақжайлылық, қоршаған ортаға құрметпен қарау, туыскандық тығыз байланыс орнату, балажандылық, еңбексүйгіштік, жан-жануарларға жанашырлық таныту тағы да басқалары – тұрмыс-салтымызбен тығыз байланысты дүниелер. Сондай-ақ ата-ана өз баласына ата-баба салтын сіңірудің алғышартын жасаса, қалғанын білім ұялары қостап әкету керек. Сонда ғана елін, жерін сүйетін шынайы патриоттар қатары көбейеді.

Мемлекеттің негізгі басымдығы – балаға сапалы білім мен саналы тәрбие беру. Ұстаздар қауымы да жаңаша әдіс-тәсіл іздестіріп, күнделікті жұмыс барысында қолданса бала тәрбиесі алға басары сөзсіз.

Гүлзада НҰРМАҒАНБЕТОВА,
И.В.Панфилов атындағы №5 мектеп-лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНЫМА ЖАҚЫН

Алыс-жақыннан ақпарат алмай томаға тұйық өмір сүру мүмкін емес. Сондықтан журналистика мамандығы үнемі ізденісте болуды, жаңарып, жасарып отыруды қажет етеді. Журналистика мамандығын таңдауыма себеп болған да осы ұстаным еді.

Өткен ғасырларда халық тек газет, радио, телеарналар арқылы ғана өз қажетін қанағаттандырып отырды. Ал қазір тың жүйелер арқылы таратылатын ақпараттар озық технологиялар арқылы адамзатқа қызмет ете бастады. Ол – интернет саласы. Келешекте бұдан тың жобалар бізді күтіп тұрғаны сөзсіз. Біз соған сақадай сай болуымыз керек. Жалпы журналистика саласы көп біліммен қатар жаңа ақпараттық технологияларды меңгеруді талап етеді.

Менің ойымша, журналистика мамандығын таңдаған студенттер өз кәсібіне өте адал болу керек. Сонымен қатар қағазы мен қаламы арқылы қорғансызға пана болып, әділетті жақтаған жөн. Қоғамда болып жатқан жетістіктермен қатар келеңсіздіктерді жариялаудан жасқанбағаны дұрыс. Дей тұрғанмен, тың ақпараттарды жариялаған кезде дерек пен дәйек толық болуы тиіс. Елден, көшеден естіген жалаң сөздерге сеніп жаза берсе, ондай жаңалықтардың көк тиын құны болмайды. Ақпарат әділ таразы болып, адам мен қоғам үшін кіршіксіз қызмет етсе ғана көздеген мақсаттарға жете аламыз.

Расында, бұл мамандықтың қоғамдағы рөлі зор. Журналистика – күш, ашық пікір, шынайы мінез, тұңғиық ой, талғампаз көзқарас анық көрінетін бірден-бір сала. Қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерді қозғайды. Оны қоғамның «төртінші билігі» деп атайтыны содан.

Журналист барлық саладан хабары бар, жан-жақты, дүниетанымы кең болу керек. Себебі, ол сан түрлі ғылым саласына еркін ой жүгірте алатын тұлға. Оған Н.Михалковскийдің: «Журналистика қоғаммен бірге өмір сүріп, қоғаммен бірге тыныстайды. Қоғам тірлігінің тамыры қиылса, журналистика да бітіп тынады» деген сөзі дәлел.

Болашақта мамандығымның майталманы болуды армандаймын. Бұл кәсіптің қыр-сырын игеріп, тереңінде жатқан асыл маржандарын теру – білікті маман иесі болудағы басты қадам. Сол жолда ұшқыр ойыммен, киелі қаламыммен қасқайып қарсы тұратын асқақ ойлы азамат боламын деп ойлаймын. Ол үшін жоғарғы білім алып, халқыма адал қызмет етемін. Ащы болса да, шындықты жақтайтын, шындық үшін күресе білетін, өз ісімнің маманы болғым келеді. Кім біледі, мүмкін, менің бүгінгі арманым – ертеңгі болашағым болар?! Бүгінгі қиялымдағы ойым – ертеңгі күні еңбекпен тауып жейтін азығым болар?!

Балауса АЛДАБЕРГЕНОВА,
№107 орта мектеп оқушысы

ҰЛТ КЕЛЕШЕГІ – ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ

Ұрпақ тәрбиесі қай заманда өзекті. Қазақ халқы сәби дүниеге келгеннен бастап, оның өсіп, дене бітімі дұрыс қалыптасып, ақыл-ойының жетілуіне дейін көп көңіл бөлген. Тоғыз ай құрсақта жатқан сәбиді тербелген тал бесікке салған. Анасы бөбегін әлдилеп, әженің ертегісін тыңдап, әкенің қамқорлығына бөленген бала болашақта халқына қалаулы болады деп сенген. Бұл – халқымыздың сан ғасырдан бері баланы бағып-қағып, өнегелі азамат етіп тәрбиелеудегі жинақтаған мол тәжірибесі.

Қазақ халқы «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп, жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуге тырысқан. Өйткені ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз. Сондықтан да ата-ананың мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өзін-өзі ұстауы ұлдың да, қыздың да көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін негізгі нысанасы. Бұдан бөлек, ата-ана баланы кішкентай жасынан сөйлеуге, санауға, заттарды және олардың өзіндік ерекшеліктерін атауға үйретіп, тілі шыққан уақытта оған тақпақ, өлең, жұмбақ пен жаңылтпаштарды жаттатқан. Бұл баланы дамытудың алғышарты болған.

Осыған қарап ертедегі қазақ баласының балалық шағы қаншама қиын кезеңдерге тап келсе де, өнерден, білімнен, жалпы адами қасиеттерден алыстамағанын байқаймыз. Ұрпақ тәрбиесі – ең маңызды фактор. Сондықтан қазақ өз баласын кішіпейіл, білімді, еңбекқор болуға тәрбиелеген. Өйткені ұлттың келешегі – тәрбиелі ұрпақтың қолында. Берілген өнеге ұрпақтар сабақтастығына ұласып, еліміздің берік іргетасына айналары сөзсіз.

Мөлдір САРБАСОВА,
Б.Ермекбаев атындағы №271 орта мектеп мұғалімі

Жуырда Жасөспірімдер Олимпиадасы басталмақ. Бүгінде байрақты бәсекеде ел туын қай спортшыға тапсырылатыны белгілі болды. Ресми мәліметке сәйкес, 2024 жылғы қысқы Жасөспірімдер Олимпиадасында ұлттық құраманың туын Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарының спортшылары алып шығады деп жоспарланған.

Жасөспірімдер Олимпиадасы: Қазақстан туын кімдер алып шығады?

Бүгін Оңтүстік Кореяның Канвон қаласында өтетін қысқы Олимпиада ойындарында Қазақстан жастар құрамасының ту ұстаушылары ресми түрде белгілі болды. «Ұлттар шеруі» кезінде Қазақстан туын конькимен жүгіруден Петропавлдан ұлттық құраманың мүшесі Кристина Шумекова мен оралдық шорт-трекші Ерасыл Шыңғысхан алып шығады.

Бұл дарынды спортшылар Қазақстан туын спорттағы жетістіктері үшін ғана емес, халықаралық спорт ареналарында көрсеткен мінезінің мықтылығы үшін де алып жүру құрметіне ие. Он сегіз жастағы Кристина Шумекова – конькимен жүгіруден Қазақстан Республикасының спорт шебері, өз жас санатындағы Қазақстан Республикасының чемпионы, 2023 жылы Италияда өткен Әлем Кубогі кезеңінің күміс жүлдегері. Он жеті жастағы Ерасыл Шыңғысхан шорт-тректен спорт шеберіне кандидат, өз жас категориясы бойынша Қазақстан Республикасының чемпионы, сонымен қатар 2023 жылғы «Азия балалары» халықаралық жарысының күміс жүлдегері.

«Бұл мен үшін керемет қобалжитын сәт. Қысқы Олимпиада ойындарында Қазақстан атынан өнер көрсету – абырой ғана емес, үлкен жауапкершілік. Мұз айдынында бар күшімді саламын деп уәде беремін. Әрқайсымыз Олимпиада жүлдесін алуды армандаймыз және бұл ойындар мақсатқа жетуге мүмкіндік», – деді Кристина Шумекова.

Шорт-тректен Қазақстан ұлттық құрамасының мүшесі Ерасыл Шыңғысхан да өз ойымен бөлісті:

– Мен үшін Канвонда еліміздің ұлттық құрамасының туын алып шығу – үлкен жауапкершілік. Біздің команда алдағы жарыстарға дайын, Қазақстанды лайықты түрде көрсете алатынымызға сенімдімін. Жасөспірімдер Олимпиадасына қатысу – маңызды тәжірибе, кәсіби өсуіміздің бір бөлігі, – деді ол.

Канвон-2024 миссиясының басшысы Елсияр Қанағатов ұлттық жастар құрамасының ту алып шығатындарды таңдауына сенім білдірді.

– Кристина мен Ерасыл – мықты және біртұтас командамыздың жарқын өкілдері. Олардың ынта-жігері мен спортқа берілгендігі Оңтүстік Кореяға баратын жасөспірімдер құрамасының жақсы қасиеттерін көрсетеді. Бұл жастар қазақстандық спорттың жаңа буынының бетбейнесі. Олардың Канвон қаласында өтетін қысқы Жасөспірімдер Олимпиадасында көрсететін өнерін асыға күтеміз және осы ойындарға қатысу спортшыларымызға халықаралық жарыстарда өнер көрсетуде құнды тәжірибе алуға мүмкіндік береді, – деді ол.

Канвон-2024 жасөспірімдер арасындағы IV қысқы Олимпиада ойындары 19 қаңтарда ашылады және 1 ақпанға дейін Пхенчхан 2018 қысқы Олимпиада ойындарын қабылдаған Оңтүстік Кореяның Канвон провинциясында өтеді. Оңтүстік Кореядағы Жасөспірімдер Олимпиада ойындарына әлемнің 50 елінен 1800 спортшы қатысады деп жоспарланған. Жеті спорт түрінен (15 пән) 81 медаль жиынтығы ойнатылады. Қазақстанның спорт делегациясы құрамында спорттың бес түрінен 42 спортшы бар.

Қазақстан жасөспірімдер арасындағы қысқы Олимпиада ойындарына 2012 жылдан бері қатысып келеді. Жалпы, еліміз үш қысқы жасөспірімдер Олимпиада ойындарына қатысып, екі күміс және алты қола медаль жеңіп алды.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАҒЫН ҚОРҒАДЫ

Канадада бокс кеші өтіп, жартылай ауыр салмақтағы WBC, WBO және IBF чемпионы Артур Бетербиев кештің басты кездесуінде Каллум Смитпен жұдырықтасты.

Жетінші раундта Смиттің бұрышы жекпе-жектен жалғастырудан бас тартты.

Осылайша, Бетербиев Дүниежүзілік бокс кеңесі, Халықаралық бокс федерациясы және Дүниежүзілік бокс ұйымы бойынша әлем чемпионы атағын қорғап қалды. 38 жастағы Бетербиевтің рекордында енді 20 жеңіс бар. 33 жастағы Смит 29 жеңісінде екінші жеңілісіне ұшырады.

ПАРАЛИМПИАДАҒА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Қазақстандық пара таеквондошылар Паралимпиада ойындарының 3 лицензиясына ие болды. Паралимпиада ойындарының квалификациялық регламентіне сәйкес К44 санатында 80 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде пара таеквондошымыз Нұрлан Домбаев, +80 келі салмақта Нышан Өмірәлі және -57 келі салмақта Кәмиля Досмалова биыл Парижде өтетін Паралимпиада ойындарына жолдамаға қол жеткізді.

Спортшыларымыз әлемдегі рейтингтің көрсеткішіне сәйкес, топ 20 үздік спортшылар қатарына кірді.

Бүгінгі күнге дейін қазақстандық пара спортшылар Париж-2024 Паралимпиада ойындарына 5 лицензияға ие болған: пара жеңіл атлетика, пара пауэрлифтинг, волейболды отырып ойнау, пара каноэ және пара жүзу.

Еске сала кетсек, Токио-2020 Паралимпиада ойындарында Қазақстан ұлттық құрамасы 25 спортшымен таныстырылып, 5 медаль жеңіп алып, 48 жалпы командалық орынға ие болды.

СЕНСАЦИЯ

Жуырда Дубайдағы Мейдан ипподромында өткен Al Maktoum Challenge-нің бірінші кезеңінде қазақстандық Кабирхан атты тұлпар жеңіске жеткен еді. Бәйгенің әлеуметтік желіде тараған бейнежазбасынан тұлпардың оқ бойы озық шығып, жарыс көрігін қыздырғанын байқауға болады.

Дубайда өткен 2000 метрлік ұшқыр бәйгеде 13 тұлпар бақ сынаған. Бабы мен бағы келіскен қазақ тұлпары кіл жүйріктер арасынан шын жүйрік екенін дәлелдеп, мәрені бірінші қиған. Дубайды дүбірлеткен Кабирхан тұлпардың қазіргі иесі – оралдық Тілек Мұхамбетқалиев.

ДУБАЙДА ТОП ЖАРҒАН АРҒЫМАҚ

Аталған тұлпарды Қазақстанға 2021 жылы 1,5 жасында Надир Хасанов деген атбегі Америкадан досына Алматыға әкеліп берген. Оның айтуынша, алғашқы жарысын Алматы ипподромында бастаған жүйрікті Руслан Юлдашев дайындаған. Сол жылы Кабирхан ұшқыр бәйгеде үш ресми старт жасап, жүлдегер атанған. Сөйтіп өз қашықтығында екі жастағы арғымақтар арасында Қазақстанның ең үздік ұшқыры атанған.

Кейін оны бәйге науқаны аяқталған соң оралдық Тілек Мұхамбетқалиев сатып алып, Ресейге алып кетеді. Ресейде Кабирханды Арыстангерей Шавуев есімді жаттықтырушы дайындап, Ресейде екі рет Дербидің үздігі атандырады. Жалпы ол жақта алты старт жасап, оның бесеуінде бірінші болып келген. Соңғы бүкілресейлік бас Дербиде ғана Херомо атты тұлпардан кейін екінші болып келген екен.

– Бұл жеңісті сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Кабирханның көптеген жанкүйері бар: Қазақстан, Ресей, АҚШ және Еуропа. Бәрі құттықтап жатыр. Мұндай тұлпар жүз жылда бір рет туады. Тұлпарымыз беделді жарыста қазақ елінің атын шығарып жатыр. Бұл – халықтың жеңісі, – деді тұлпар иесі.

Оның айтуынша, Дубайдағы бәйгенің бірінші кезеңінде жеңіске жеткені үшін Кабирханға 126 мың дирхам (15 млн 477 мың 202,79 теңге, 1 дирхам – 122,83 теңге) берілген.

– Енді 26 қаңтарда тұлпарымыз бабында болса, ол Al Maktoum Challenge жарысының екінші кезеңіне қатысады. Мұнда асыл тұқымды ағылшын тұлпарлары жарысады. Осы маңызды бәйгеге дайындалып жатырмыз. Оның жүлде қоры – 1 млн доллар (451 млн 160 мың 500 теңге, 1 доллар – 451,16 теңге), – деді Тілек Мұхамметқалиев.

2023 жылдың қараша айында ат иесі Кабирханды Дубайдағы бәйгелерге сынауға алып барады. Дубайдағы жаттықтырушысы – Дуглас Уотсон. Атбегі бұл бәйге де тұлпар үшін маңызды екенін айтты.

Айтарлығы, 85-105 рейтингіндегі тұлпарларға арналған гандикап бәйгесінде Кабирхан Ресейде қалып қойған Херомодан оза шапты. Өзге қарсыластары да осал емес, олар әр түрлі елдерден келіп, Дубайда бір жылға жуық дайындықта тұрған. Кабирхан небәрі екі айдай ғана дайындалып шапқан екен.

Енді тұлпардың алдында тағы бір осындай бәйге тұр. Сол жерде үздік атанса Бүкіләлемдік кубок үшін бақ сынайды.

Сенсациялық жеңіске «Бәйге» федерациясының атқарушы директоры Алтай Беймен де пікір білдірген. Оның сөзінше, тұлпар көрсеткші қазақстандық атбегілерге жігер бермек.

– «Al Maktoum Challenge бәйгесінің бірінші кезеңінде жеңімпаз атану – зор қуаныш. Ұшқыр бәйгеде әлемдегі үздік мемлекеттермен текетіресетіндей деңгей көрсете аламыз. Осы жеңіс алғашқы қадамның бірі деп ойлаймын. Себебі, Қазақстанның ат спорты тарихында мұндай жеңіс бірінші рет болып тұр. Халықаралық беделді жарыста Кабирхан атты тұлпар бірінші келіп, қазақтың көк туын желбіретті. Осылайша, Тілек Мұхамметқалиев мұндай биік мақсат қоюға болатынын көрсетті. Бұл еліміздегі көптеген атбегіге мотивация береді деп сенеміз, – деді басшы.

ТРИАТЛОН: АЛТЫН ЕНШІЛЕДІ

Триатлоннан Қазақстан құрамасы Әл-Хобарда (Сауд Арабиясы) өткен триатлоннан (спринт) Азия чемпионатында екі жүлде алды.

Әйелдер арасындағы бәсекеде Екатерина Шабалина алтыннан алқа тағынды. Екіншісі – қытайлық Синь Линь. Ал Бейли Браун мәреде үшінші болды.

Ерлерде Аян Бейсенбаевқа тең келер ешкім болмады. Джейсон Тай Лонг күміспен аяқтады. Үшінші нәтижені жапондық Кента Учида көрсетті.

Жинақтаған
Б.ШАҒЫРОВ

Алты алаштың намысын қорғап, тебіренткен, рухты әндерімен талайдың бойын шымырлатқан Алатау серілерін еңкейген қарттан, еңбектеген балаға дейін тыңдайды. Серілер Алматы қалалық мәдениет басқармасына қарасты «Алатау» дәстүрлі өнер театрының өнерпаздарынан құралған. 2018 жылы дебют жасап, қазақ музыкасына жаңа серпін әкелді. БАӘ, Ресей, Түркия секілді алпауыт елдердің аренасында, халықаралық фестивальде өнер көрсетіп жүр. Олар қазақтың халық әндерін жаңғыртып, өзгеше стильде шырқаумен ерекшеленеді. Осы орайда, ойлы оқырманның назарына аспап пен әуенді үндестіре білген сері жігіттермен әңгімелестік.

«АЛАТАУ СЕРІЛЕРІ» ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАДАҒЫ ЖАҢА СЕРПІН

Жасұлан Мұсағалиев:

– Қазіргі таңда «Дос-Мұқасан», «МузАрт» секілді шоқтығы биік топтар өте сирек. Себебі топ болып өнер көрсетудің өзіндік машақаты бар. Оған көп адамның жүрегі дауаламайды. Алайда біздің берген серт бекем. «Алатау серілері» – қазақ музыка индустриясындағы ұлттық өнерді, дәстүрлі әндерді заманауи үлгіде дәріптейтін топ. Қазіргі таңда бізді қолдайтын, көзі ашық, көкірегі ояу көрермендеріміз де, кәсіпкер ел ағалары да көп. Әрбір өнер адамы үшін халықтың шынайы қошеметі маңызды, сол себепті бізді ширатып та, шарықтатып та отыратын өнерсүйер қауым барда еңбек етуге құлшыныс зор.

Қуаныш Алтыбаев:

– Топтың құрылуына жаһандық даму кезеңі түрткі болды. Әртүрлі медиа өнімдер сананы жаулап, ата-бабадан қалған асыл мұра, дәстүрлі қазақ өнерін нақышына келтіре орындайтын өнерпаздың аз болуы ойландырды. Сондықтан әлемдік идеология мен медиа өнімдердің тасасында қалып қоймас үшін бас қосып, ғасырлардан бері келе жатқан ән өнерін, қазақи болмысымызды сақтап қалуды қолға алдық. Әрбір ән мен бейнебаяннан қазақилық пен ұлтқа деген махаббатың ұшқынын байқауға болады.

Ғибрат Қорғанбекұлы:

– Репертуарда халықты патриотизмге үндейтін, ұлтты, тілді сүюді дәріптейтін әндер басым. Топтағы алты жігіт кәсіби білімді, қазақтың аспаптарында ойнай алатын шебер музыканттар. Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясын, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясын, Астанадағы «Шабыт» өнер академиясын тәмамдаған мамандар. Концертте жанды дауыста ән айтқанға не жетсін. Бір-бірімен үндестік тапқан серілер үшін бұл ешқандай қиындық тудырмайды. Әрі қарай да осы бағытты ұстанып, халықтың көңіліне ой салып, ұлт ретінде бүтін қалыптасуымызға, құлдық сана-сезімнен арылуға ән арқылы үлес қосқымыз келеді.

Азат Дулатұлы:

– Дебют жасағалы халықтың ықыласы ыстық. Топ серілері тек ән айтумен ерекшеленбей, сахна мәдениеті, әртістік шеберлік, харизмалық элементтерді көрсете біледі. Өнерсүйер көрермен осы қасиеттерді бағалайды. Қазір еліміздің кез келген қаласында өнер көрсетіп, шетелге де концерт қоюға мүмкіндік алып жатырмыз. Сұраныс бар, яғни әрі қарай өнерді дамыта бермекпіз.

Рауан Ексіл:

– Қазақтың тойы – мереке іспетті. Бұл жерде салт-дәстүр де, қазақи өнер де сабақтасып, өзіндік үйлесім табады. Сол себепті мәнді-мағыналы, рухты ән шырқайтын топтар қазақтың әр тойында болуы тиіс деп есептеймін. Тойда үлкеннің батасын алып, қошеметке бөленіп, қуанышқа да кенелеміз. Сондықтан тобымыз қазақтың той-думанында өнер көрсете алады.

Жасұлан Сақаев:

– Алдағы уақытта осы шоу-бизнес нарығында тыңдарман санын арттыруды көздеп отырмыз. 2024 жылы Астана, Алматы сияқты еліміздің мегополистерінде концерт қою жоспарымызда бар. Қазақстанның музыка индустрия нарығында шектеліп қалмай, әлемдік аренада өнер көрсетуді мақсатымыз деп санаймыз. Репертуардағы әндерді нақтылап, сапалы туындыны көбейтіп, ізденісті тоқтатпаймыз.

Тобымыз Алматы қаласының қақ төрінде орналасқан «Алатау» дәстүрлі өнер театрынан түлеп ұшқан шәкірттерден құралған. Шығармашыл болғандықтан кез келген өнерден қалыс емеспіз. Театр саласында да көрсеткен жақсы нәтиже бар. Әртістік шеберлікті шыңдап үлгергендіктен киноиндустриядан көріп қалсаңыздар, таңқалуға себеп жоқ.

P.S:

Әлемдік жаһандану кезеңінде көптеген әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің тасада қалып бара жатқаны рас. Алайда елдігіміздің негізін, тәуелсіздік бен бейбітшіліктің құнын, ата-баба арманын елеусіз қалдырмағанымыз абзал. Сондықтан ұлттық құндылықты ұлықтайтын өнерпаздар көп болсын дейміз.

Нұршат НЫШАНОВА

ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС «ДӘСТҮР» ФИЛЬМІ

Қазақ киносы көп жылдық тарихы бар өнердің бір саласы. Бүгінде киноиндустрия жаңа деңгейге көтерілді. Голливудтық өнімдерден кем түспейтін комедия, экшн, боевик жанры, тіпті қос ғашықтың махаббат сезімін ерекше бейнелейтін отандық фильмдер Болливудтан да артық десек қателеспейміз. Қорқыныш пен адреналинді ұнататын көрермендер шетелдің хоррор жанрындағы картиналарды үзбей көреді. Заманауи эффектілері бар, қорқыныш сезімін тудыратын кинолар қоржынымызда мүлдем жоқ емес. Ендеше қаражат жағынан 1 аптада рекорд орнатқан отандық туынды туралы тарқатайық.

Кино әлемінде қазақы аудитория қалыптастыруда Нұрлан Қоянбаевтың еңбегі зор. «Қазақша бизнес» арқылы кинотеатрға бару мәдениеті түзелді. Алайда халық арасында «комедияның артынан комедиялар көбейіп, режиссерлардың қолынан келетіні тек күлдіру» деген пікір тағы бар. Осы жағдайды ескерді дейміз бе әлде басқа себебі бар ма екен желтоқсан айында Дәстүр фильмі көрерменге жол тартты. Маркетингі мен пиар жұмыстары сәтті болғанын мойындауымыз қажет. Трейлер, промо-ролик, одан соң «Дәстүрлі подкасттары» шықты. Тіпті әлеуметтік желіде кинoның арнайы парақшасы жұмыс істеді, әлі де белсенділігін жоғалтпады.

Премьерасы көпті қызықтырған «Дәстүр» – хоррор элементтері бар драма жанрындағы фильм. Трейлер арқылы картинада зорлық-зомбылық, қыз баланың өз еркінен тыс тұрмысқа шығуы, қоғамдық пікірге байланған халық, ойына келгенін жасайтын байдың баласы және мистикалық оқиғаның болатынын анық білдік.

Бір әттеген-айы трейлерде кадрдың барлығы көрсетіліп, фильмде дәл сол сәті ғана қайталанды. Толықтырсам, трейлер тек фильмнің үзінділері арқылы көрерменді қызықтыра алу қажет. Ал бұл жағдайда жарнамасы мен кинода қолданылған кадрлардың ұзақтығы да бірдей.

Басты кейіпкер Диананың рөлін сомдаған Нұрай Жеткергеннің дауысын есту қиынның қиыны болды. Жалпы, кейіпкерлер туралы сұрақтар бар. Мүмкін уақыттың тапшылығы себеп болды ма білмейміз.

Жарнама мен туындыда алшақтық бар. Кинода зорлық-зомбылық пен мистикалық кадрдың болатыны жарияға жар салынды. Қазақтың ескірген дәстүрі көрсетіледі дегенде көрермендер барынша қолдады. Ал фильмде орынсыз қазақы дәстүр көрсетілмеді. Себебі зорлықтың құрбаны болған қызды сол ер жігітке тұрмысқа беру деген дәстүрдің жоқ екенін білеміз. Бұл жердегі басты идея – адамның құқығын таптау, әсіресе нәзік жандыларға күш көрсету, еркінен тыс тұрмысқа беру қоғамда қалыпты жағдайға, тіпті дәстүрге айналғанын көрсеткілері келді деп ой түйдік.

Мұсылмандық жын шығару рәсіміне байланысты айтатын болсақ, фильмнің негізгі кілті осында секілді. Трейлерге сәйкес көрермен Диананы мистикамен байланыстырды. Ал фильм соңында барлығы басқаша аяқталғаны ерекше болды. Трейлерде толық көрсетілмеген сәт – осы. Жұмбаққа толы болған кадрда мамандардың қолтаңбасы көрінеді. Туынды әлі көрсетілімде, сол себепті әр кадрды ашып айту қате.

Тек байлығы мен жұмысын ойлайтын, баласының қылмысынан шаршаған әкесі, қандай болса да қолдап, перзенті үшін барын жасайтын ананың рөлі жаттанды мәтін емес, шынайы эмоцияға беріліп көрсетілген. Бұл да сценаристердің шеберлігін айқындайды. Ескере кететін жағдай, бұл фильм басты кейіпкерлердің дебюттық жұмысы.

Қоғам не дейді?

Премьераның алғашқы аптасында көрермендер шынайы эмоциясымен бөлісіп, қолдау жоғары деңгейде болды. Кейінгі уақытта әлеуметтік желідегі парақшалар жарыса жазып, наразылықтарын білдіруде. «Әйел субъект емес, обьект ретінде көрсетіледі. Фильмге қатысты «Әйелдің жауы – әйел», мизогин идеяға толы деген жарияланымдар бар. Бұл сынға қосылғандар, өз пікірін қалдырғандар мен кино авторларын қолдағандар да болды. Иә, әр адам жеке тұлға. Әр тұлғаның жеке пікірі болады. Бірін дұрыс не бұрыс деп бөлу бізге қалған мәселе емес.

P.S:

Кино – креативті индустрияның сұранысқа ие бөлігі. Киноиндустрияның дамуы көрермен сапасының артуына тікелей әсер етеді. Қазақ аудиториясы бүгінде отандық туындыларды қолдап, кем кетігін дұрыстау мақсатында пікір айта алатын көрерменге айналды. Дәстүрлі жанр емес "Дәстүр" кинокартинасы туралы баяндайтынымыз – осы. Жаңа жанрлардың оянып, талғамы бар көрерменнің қалыптасқаны қуантарлық жағдай. Креатив пен жаңашылдықты елдегі мәселелермен ұштастырып, батыл қадамның нәтижесі болған «Дәстүр» фильмін көруге кеңес береміз. Ал бағасын беру – сізден.

Әлия ТӘЖІБАЙ,
студент

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айдар САЙЛАУОВ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Кезекші редактор:
Замира ҚОНЫСЖАН

Таралымы: 7041
Тапсырыс: 99